

ÚZDIK PEDAGOG

Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының
№03(42) (2025 ж. Наурыз) шығарылымы.
Выпуск №03(42) (Март 2025 г.) республиканского педагогического научно-методического журнала
«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY».

Қарағанды қаласындағы мекен-жайы: Қазыбек би ауданы, Нұрсұлтан
Назарбаев даңғылы 19. 100012
Журнал “KEMENGER” ЖҚ баспаханасында басылды. Таралымы 1000 дана.
Адрес г. Караганды: Қазыбек биевский район, пр. Нурсултана Назарбаева 19.
Журнал издан в типографии ИП “KEMENGER”. Тираж 1000 экз.

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» Республикалық педагогикалық ғылыми-
әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 27
қазандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік
басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ35VPY00080588 берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан аумағында

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский педагогический научно-методический журнал
«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» в городе Астана комитетом информации
Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан
выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного
издания, информационного агентства и сетевого издания от 27.10.2023 года
№ KZ35VPY00080588.

Территория распространения: На территории Республики Казахстан.
Журнал "ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY" выходит 4 раз в месяц.

Меншік иесі: /собственник: ЖҚ/ИП “BAYANDY”

Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан

Редактор алқасы: Алшынов Ахметжан Әнуарбекұлы

Тел: + 7 700 970 00 98

Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Эл. почта: kemengerustaz.kz@mail.ru

Инстаграм: kemengerustaz.kz

Тел: + 7 771 181 23 03



“KEMENGER” баспасы

Мазмұны / Содержание



Қайыржанов Ж.Қ. The weather. Part 2	3
Мерекенова Г.Ж. Аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері	5
Онайбекова Е.Б. Демалудың пайдасы	7
Жаужанбай Қ.Ж. Математика сабағында заманауи педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың ақыл ой әрекетін белсендіру	10
Амирова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының сабақта және сабақтан кейінгі уақытта коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру	12
Кутпаева Г.Т. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен инклюзивті білім беру кеңістігіндегі әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің ерекшелігі	15
Нурекенова А.Б. Ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыс жасаудың педагогикалық негіздері	17
Нуржанова М.Б. Учебно-исследовательская деятельность учащихся на уроках русского языка и литературы	19
Туратауов Б.М. Алғашқы әскери дайындықты оқытудың жаңа тәсілдері	21
Камбарова К.С. «Мектепке дейінгі балалардың тілін театрландырылған қойылыммен дамыту іс-әрекеті»	23
Беткембаева А.Ч. Взаимодействие детского сада и семьи с целью повышения качества образования детей	24
Джасбаева А.М. Lesson study тәсілі оқыту тәжірибесін жақсартудың бір жолы ретінде	26
Нурисламова Р.Р. Возможности кейс-метода в обучении информатике в старших классах	28
Өмірбекқызы Б. Тыңдау арқылы ағылшын тілі сабағында дағдыны қалыптастыру	30
Згоняйко В.Ф. Игры-экспериментирования и их влияние на развитие познавательной активности дошкольников	32
Мухаметказина Г.С. Көркем мәтінді талдау: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік негіздер	34
Игбаева Н.Т. К вопросу о роли художественного текста на уроках русского языка	36
Усембай К. Лингвистикалық ойын технологиясы қазақ тілі сабақтарында танымдық белсенділікті қалыптастыру құралы ретінде	38
Абдиева Б.М. Антоним дегеніміз не?	40
Нурмагамбетова Ж.С. Применение цифровых технологий и ресурсов для развития функциональной грамотности	42
Сембаева Г.С. Мектеп жасына дейінгі баланың мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудағы ойындардың рөлі	45
Ибадулла Г.И. Информатика сабақтарындағы дифференциацияланған әдісті қолдану	47
Шаймурат П. Мәтіндік файл: түрлері және құру жолдары	49
Жұмажан Г. Биология сабағында топтық технологияны қолдану артықшылықтары	53
Сауытбекова Ж.Т. «Түйме қыз»	55
Арыкбаева Ж.О. «Эффективные стратегии работы с текстами на уроке»	57
Исмаилова Н.Б. «Қош келдің жаңа жыл!»	59
Қызайбек М.Е. «Достық мерекесі»	62
Сағымбек А.С. «Ана – өмір шуағы!»	64
Ильясова М.К. «Мерекеңмен анашым!»	67
Әділбаева Т.Ә. Ел мұрасын ардақтаған Мәшһүр Жүсіп	69
Ғайып Г.Ж. Бастауыш сынып білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану	71
Каргатаева Р.Е. Балабақшадағы инновациялық педагогикалық процесс	76
Ковалева Л.Р. Развитие речи детей дошкольного возраста в игровой деятельности	78
Ахмадалиева Д.Б. «Мектепке дейінгі тәрбиенің оқу жүйесін дамытудың жаңа бағдары»	79
Беркімбаева Қ.С. Санның квадрат түбірін табу тәсілдері	82
Тенизбаева Д.М. Олимпиада есептерін Python программалау тілінде шешуді үйрету	83
Назарбаева Д.А. Жас психологтың алғашқы қадамы	85
Орынбаева А.Н. Развитие аналитического мышления на уроках русского языка	87
Қамиева А.А. Бастауыш сыныпта математикалық сауаттылық пәнінің білім берудегі негізгі ерекшеліктері	89
Даирабаева Н.А. Графиктік мәтін арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту	91
Шакенова Д.К. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары	93
Есқали Г. Артикуляуиялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту	96
Шыныбекова А.П. «Ава элементтерін қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту»	97
Салимбаева Г.А. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен интерактивті оқытуды жүзеге асыру	102
Даримбетова Н.А. Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда мұғалімдердің рөлі	104
Нуртазаева Г.Б. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы инновациялық қызметтің маңызы	106
Канкиев Н.А. Жаңартылған білім негізінде көркем еңбек сабақтарында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану	108
Джанузакова И.Т. Білім беру процесін іске асыру бойынша мектепке дейінгі білім беру мекемесінің отбасымен өзара іс-қимылының негізгі бағыттары	110
Кушенбаева А.И. Танымдық дағдыларды дидактикалық ойындар арқылы дамыту	113
Кабдулхаликова Э.Т. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту	115
Нарова А.М. Применение кейс-технологии на уроках русского языка	117
Ережепова П.Д. Мектеп жасына дейінгі балаларға математика элементтерін оқыту ерекшеліктері	119
Қилыбаева А.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және әлеуметтік дамуы	121
Саттарова Г.С. Композитор Курмангазы	123
Дохкаева М.М. Развитие познавательного интереса у обучающихся на уроках английского языка посредством включения дидактических игр	126
Жексембаев Ж.А. Дене шынықтыру пәнінде қазақтың төл ойыны-тоғызқұмалақ	127

**Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылы
"Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Қайыржанов Жасұлан Қайыржанұлы**



THE WEATHER. PART 2

Unit 5. Entertainment and Media		School by Ybirai Altynsarin		
Name:		Teacher's name: Kaiyrzhanov.Zh.K		
Grade:3		Number present: Number absent:		
Theme of the lesson:		The weather. Part 2		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to		3.1.2.1 recognise familiar words with visual support 3.1.4.2 understand simple descriptions of people, actions, and objects with visual support 3.2.3.1 respond to basic questions with single words or short responses		
Lesson objectives		All learners will be able to: Pupils can read and knows new words. Most learners will be able to: - understand and can write a biography of a person Some learners will be able to: ask and answer interview questions; -can make sentences understand and can compare ideas about famous writers		
Planned timings	Teacher's activities	Student's activities	Assessment	Resources
Beginning of the lesson 5min	Org. moment Teacher greets students and asks question: How are you today? 	Students respond to greeting Answer the questions	Formative assessment is held through observation/monitoring. Emoticon	Devide into two groups Kazmath Pictures PPT Whiteboard https://www.onlinestopwatch.com/random-name-pickers/
Main part 10min	New words abot weather .Write the words. Boots- Етік Gloves- қолғап Jeans-джинсы Scarf- шарф Shirt- көйлек Skirt- юбка	A learner • reads the text for global understanding; • selects meaningful information, constructs the answer; • presents information in the group discussion. • evaluates the peers' answers.	Formative assessment is held through observation/monitoring.	Whiteboard Writing Worksheet Student Book

15min 5min 5min	Learn learn Ex3. Look and say. Ex3. Write and check your answers. 1.Y.Toguzakov is the actor ____ plays the main role. 2. Sheep are farm animals ____ have thick wool. 3. A shepherd is a person ____ looks after sheep. 4.The stepper is the place ____ Kassym takes his sheep. 5. Football is a sport ____ Kassym likes to watch. 6. This is the village ____ Kassym and Yerali live. Complete the sentences with -ed or -ing adjectives formed from the words in brackets. 1 (interest) a Darmen is ____ in football. b Football is an ____ sport. 2 (tire) a It was a long and ____ journey. b Oleg was very ____ after the long journey. 3 (annoy) a This loud music is really ____. b I was ____ because the film started late. 4 (excite) a I'm ____ about my new computer game. b My new computer game is very ____. 5 (surprise) a The ending of the film was quite ____. b We were ____ when we heard the news. - Which adjectives do we use to say how someone feels? - Which adjectives do we use to describe something? 	  They must complete the sentences 4 Write and check your answers. Put on Don't put on Open Don't open  They must complete the sentences 5 Point and ask. rainy windy hot cold snowy sunny 	Comments Formative assessment is held through observation/monitoring. Comments Ask the question Listen the text Put a word in the line Complete the sentence Find these Adjectives formed from the words in brackets	Pictures" Test your knowledge pictures Writing Worksheet PP PP Cards Worksheet
End 5min	Reflection Learners write : What did you learn today? What parts of the lesson were easy? What parts of the lesson were difficult? Home task: ex 6. About you ask and answer the questions			

**Алматы қаласы білім басқармасының
"№7 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Дефектолог
Мерекенова Гульнара Жакитжановна**



АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Бұл мақалада аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеудің және оқытудың тиімді жолдары ұсынылған. Педагогтердің ескеру қажет алғышарттары тілге тиек етіліп, аутизм белгілері бар балалардың жеке бас ерекшелігіне сипаттама беріледі. Ерекше балаларды қоғамға бейімдеудің маңызы дәріптеліп, көмек қолын созудың жолдары айқындалған.

Кілт сөздер: аутизм, бала, тәрбие, білім, қоғам.

Кіріспе.Елімізде соңғы жылдары белең алып, өзінің көрсеткішін ұлғайтын келе жатқан жайттардың бірі – аутизмге шалдыққан бүлдіршіндер санының артуы. Аталмыш терминнің шыққанына, оның ғылымда енгізілгеніне де аз уақыт болған жоқ.

Аутизм – (гр.autos – өзім) – адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен – өзі болып, іштей уайымға салынған кездегі көңіл – күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э.Блэхер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1].

Алайда, адамдар оның қоғамда бар екенін кейінгі жылдарға дейін аса біле қойған жоқ.Тек ерекше бүлдіршіндердің ата – аналары ғана дәрігердің қойған диагнозы негізінде арнайы түзету – дамыту жұмыстарын жүргізіп, барынша қоғамға кіріктіруге тырысты. Алайда, қазіргі таңда әлеуметтік желі мен ақпараттың жалпыға бірдей жылдам қол жетімділігі арқасында аутизм белгілері бар балалар қатары көп екені мәлім болып, олардың өзіне тән ерекшелігі мен күнделікті іс – қимылы қалың жұртшылық назарына ұсыныла бастады. Әрине, арнайы педагогика да бұл мәселені шешудің оңтайлы әдістерін ойлап тауып, көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді.

Аутизм белгілері, ғылыми деректерге сәйкес, ерте жаста, яғни үш жасқа дейін байқалады. Көпке дейін аутизмнің этиологиясы анықталмай келсе, кейінгі бес жылдағы зерттеулерде негізгі себептер ретінде мидағы синапстық байланыстардың жетілуіне кедергі жасайтын гендік себептерді көрсетеді. Тағы бір мәліметтерде қарама – қайшы тұжырымдар жасалады: нәрестелерге жасалатын вакцинациялар, вирустық науқастардың салдары, ата – ананың балаға деген көзқарасы, отбасындағы әлеуметтік жағдайлар т.б. [2]. Аутизмнің себебін мультифакторлы механизммен түсіндіргенмен, оның алдын алу, жеңілдету немесе емдеу әдістерін іздестіру ісі қазіргі күні бүкіл әлемде белсенді жүзеге асып жатыр. Әсіресе, аутистер саны жағынан Америка Құрама Штаттарында өте көп, соған сәйкес бұл елдерде жүргізіліп жатқан зерттеулер мен тәжірибелер де басым, одан кейінгі кезекте батыс елдерінің зерттеулеріне сүйенеміз. Замамануи арнайы педагогика мен психологияда аутизмді емдетудің дәстүрлі және дәстүрлі емес, инновациялық жолдары мен әдістері толып жатыр. Әрине, кез келген істің тиімді – тиімсіз болуы немесе нәтижелі – нәтижесіз болуы оның дұрыс ұйымдастырылып, жүйелі қолданылуына байланысты.

Біздің елімізде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында арт – терапия үлкен қолданысқа ие. Арт – терапия ең алдымен ұсақ қол моторикасы мен қиялды, қол мен саусақ кординациясын, шығармашылық қабілеттерді дамытады. Өнер арқылы балалар өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге, өзара қарым – қатынас жасауға үйренеді, өзара сенім атмосферасы туындайды.

Аутизмдегі ең негізгі белгі – вербальдық және әлеуметтік коммуникация қиындығы. Олар тілдік қарым – қатынас жасаудан мүлде бас тартуы мүмкін. Сондықтан олар өз сезімі мен ойын сурет, бейне, түстер арқылы жеткізе алады. «Сиднейдің Маккуэри Университетінде құрылған ілім алу қажеттілігі ерекше балаларға ерте көмек көрсету бағдарламасының мазмұнында арт – терапия негізгі әдістер тобына енгізілген, себебі бейнелеу немесе қол еңбегі барысында балалар өзара қарым – қатынас жасайды, өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге үйренеді»[3].

Қазіргі таңда арнайы педагогтерді даярлайтын оқу орындары да маманның бойынан табылуға тиіс қажеттіліктерді де ескеріп, болашақ қызметкерлерді барынша жан – жақты қасиеттермен көмкеруге тырысады. Бұған дейін аутист балалармен жұмыс жасайтын жандарға әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар берілмей, жалпылама сипатта қаралып келген болатын. Әлі де ерекше балалармен еңбек ету барысында ескеретін жайттар өте көп. Педагогтар мен психологтардың аутист балалармен жұмыс жүргізулерінің мамандандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутист балаларда арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден оқшаулайды. Сол себепті ең алдымен аутист балаларға тән жайттарды, оның ішінде отбасылық ортасы, мінез – құлқы, өзіне тән өзгешелігін ескеріп, әрекет еткен жөн. Әсіресе, аутист балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында жеке бас ерекшелігіне терең мән берген жөн.

Аутист балалардың көріп, есте сақтау қабілеттері жоғары болады. Сондықтан бұл балаларда көбінесе глобальды оқыту әдістемесі көптеген жетістіктермен қолданылып келеді. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Көптеген белгілі тұлғалар жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққан. Бірақ бұл дерт олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі жасамады. Алайда, бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері керек. Аутизм синдромы – баланың ерте жас кезеңіндегі дамуындағы ауытқушылықтардың ауыр түрі, ол әлеуметтік қоршаған ортамен қарым – қатынастың жоқтығын білдіреді [4, 117 б.].

Олардың өзіне тән ішкі әлеміндегі қызығушылықты аңғару үшін әр түрлі әдіс – тәсілдерді басшылыққа алып, диагностика жасау қажет. Ол үшін арнайы белгілеу тәсілдері қолданылғаны жөн. Мәселен, олармен бөлшектерді құрастыру, ермексазбен жұмыс, түрлі – түсті заттарды араластырып оларды реттеуге дағдыландыру, сурет салу және көптеген тәсілдерді іске асыру барысында іс – қимылы, уақыт мөлшері, ептілігі, жұмысты орындау реттілігі тағысын тағы крийтерийлер бойынша белгілі бір уақыт аралығында белгіленген бағаға назар аудару қажет. Осы бойынша қызығушылығы басым бағытты дамытып, мейлінше ұтымды еңбек етуге болады.

Аутист балалардың өз қатарластарына көзқарасы, немесе жалпы балалармен бірлестікте әрекет етуі қиын. Олардың өз әлемі болғандықтан заттық – кеңістікті бөлісу қиындық тудырады. Мәселен, ойыншықтарды немесе оқу құралдарын жекеше көріп, оны басқалармен ортақтасуды оғаш қылық санайды. Бұл шамадан тыс агрессияның көбеюіне алып келіп, бірден күш қолдануға алып келеді. Сондықтан, олардың тәрбиелеу барысында ашуын туғызбай, балалармен достық қарым – қатынас қалыптастыруға дағдыландырып, ең алдымен психологиялық жай күйінің тұрақты болуына мән бергеніміз дұрыс. Көңіл – күйі төмен баланың сабаққа да ынтасы болмайды. Ол өзіне ұсынған ақпаратты қабылдаудан бас тартып, бар ойы тек заттық – кеңістік ортадағы жайтқа тұйықталып, іс – қимылы да, әрекеті де тек сол арнаға бағытталуы мүмкін. Қарапайым мысал, аутист бала өзге бүлдіршінмен бір нәрсеге таласып қалды делік. Егер оның арты ерегіс, таласқа ұласатын болса, ол дәл сол затты алмайынша тыныш таппайды. Ол тіпті өзіне қажет болмаса да, өзге тарапқа деген ашу – ыза біраз уақытқа бәсеңсімей, сақталуы мүмкін. Өздігінен ешкімге күш көрсетпесе де, осындай жағдайлар туындаған сәтте оның бойында агрессия шамадан тыс көп болады. Ол өзге баланың жас ерекшелігі, дене бітімі, жынысына да мән бермей физикалық зақым келтіруі мүмкін. Сондықтан, жалпылама білім беру мен тәрбиелеу барысында осы жайтты ескерген жөн. Егер тыйым болмай, ешқандай шектеусіз өз қалағанын алуға дағдыланса да, бұл өзгенің жеке шекарасын құрметтемеуге де алып келеді. Бұл да жақсы нәрсе емес. Сондықтан, барынша баланс ұстап, аутист балалардың психо – эмоционалды жай – күйінен хабардар болып отыруымыз керек.

Аутист балаларды қоғамға бейімдеу барысында оларды көпшілік ортадан шеттету дұрыс емес. Бұл үшін ең алдымен әр ата – ана өз баласын сол қалпында қабылдап, қысылмауы қажет. Көбіне, аутизм белгілері бар бүлдіршіндердің отбасы өз балаларына алаңдағандықтан қалың қауым арасына еркін жіберуге қорқады. Дегенмен, олардың жауапкершілігі мен есте сақтау қабілетін дамыту үшін сырттай

бақылап, кейде еркіндік берген де дұрыс. Бұл баланы қараусыз қалдыру дегенді білдірмейді, тек өзіндік әрекетті дағдыландыру үшін аса қажет.

Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту барысында ұстаздар үшін тамаша көмекші құрал – ол инновациялық технологиялар. Заманауи құрылғыларды пайдалана отыра ерекше балалардың қарім – қабілетін арттырып, білім алуға деген құштарлығын оята аламыз. Зерттеулерге мән беретін болсақ, аутист балалар мультимедияға ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе түстердің қанықтығы, қимыл – қозғалысы бар дүниелер, қызықты суреттер оларды елендетпей қоймайды. Сондықтан, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды білім беру барысында пайдалану өзінің тиімділігін аңғартпақ. Бұл оған қоса, замана талабына сай ірекет етуге бейімдеп, қоғамға қажет алғышарттарды меңгеруге мүмкіндік береді.

Аутизм балаларды оқыту мән тәрбиелеу үрдісі – аса үлкен жауапкершілік пен көптеген факторларды ескеруді қажет етеді. Сырт қарағанда өзге балалардан еш айырмашылығы жоқ, физикалық дамуы қалыпты, тек психологиялық жай – күйі бөлек жандарға біз тек көмек қолын созып, барынша дамытуға тырысқанымыз абзал. Ересектер тарапынан ешқандай әрекет іске аспайтын болса ілгерілеу де болмайды. Сол себепті, әр сәтті тиімді пайдаланып, барынша жан – жақты жұмыстар жүргізілгені абзал.

Біздің қоғам – біртұтас. Қоғамның ең басты құндылығы – адам. Олай болса, әр баланың білім алуы мен дамуы, таңдау еркіндігі қашан да ескерілуі қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Каган В.Е. Аутизм у детей – М.:Медицина, 1981, - 230 с.
2. Башина В.М. Аутизм в детстве.-М.:Медицина-1999, 180 б.
3. Никуленко Т.Г. Коррекционная педагогика: Учебное пособие / Т.Г.Никуленко. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 381 с.
4. «Каспий өңірі: жаңа талаптар, жаңа мүмкіндіктер»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары [Мәтін] : 26 сәуір, 2019

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы
Жарқамыс орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
Онайбекова Елнур Бактығалиевна



ДЕМАЛУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Білім беру ұйымының атауы	Жарқамыс орта мектебі	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	Адам	
Педагогтің аты-жөні:	Онайбекова Елнур	
Сынып:	1 сынып.	
Сабақтың тақырыбы:	№13 сабақ. Демалудың пайдасы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау	
Сабақтың мақсаты	Адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтайды	
Құндылықтар және оның мақсаты:	Сабақ құндылығы:ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені	

Ай құндылығы: Әділдік және жауапкершілік айы

бақылаудың, жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы
Апта дәйексөзі: Сәттілікке деген ең дұрыс жол – тағы да бір рет қадам жасап көру.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Құрастыру» әдісі арқылы топқа бөлу. Сурет қиындыларын құрастырып, оның не туралы екенін айтады. –Бұл әрекеттер қай кезде орындалады? –Сен қай кезде шаршайсың? –Өзіңді қалай сезінесің? –Күшінді жинау үшін саған не қажет?	Әр топ қойылған сұрақтарға жауап береді. 1-топ – Табиғат аясында 2-топ – Саябақта 3-топ – Ойын алаңында	ҚБ: «Жапондық мимика» әдісі бойынша бағалайды: О-о-о – «Өте жақсы!» М-м-м – «Жақсы!»	Суреттер 
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау «Күзгі жапырақтар» әдісі «Дұрыс тамақтану» тақырыбын пысықтау. Пайдалы тағамдарды ата Айран, ет, сүт, нан, ірімшік, жемістер, көгөністер, ботқа...	Шашылған жапырақта жазылған тағам атауларын оқып, кәрзеңкеге салады	Дескриптор. Пайдалы тағамдарды тапты Дәрумендері көп тағамдарды біледі	
Сабақтың ортасы 20 минут	Тақырыпты ашу Оқулықпен жұмыс – Адамға қозғалыстан басқа демалыс та аса маңызды. Демалуарқылы шаршаған денемізді, ойымызды қалпына келтіре аламыз. Демалыс түрлерін ата. Рухани демалыс – концерт, сүйікті іспен айналысу, жазу, кітап оқу. Демалысты дұрыс ұйымдастыру да – өнер. Жаңа тақырып «Жедел сұрақ» әдісі –Біз неге ұйықтаймыз? –Ұйқың қанбаса, өзіңді қалай сезінесің? –Ұйықтау үшін күннің қай мезгілі қолайлы? –Қай уақытта адам демалуы керек? (Көп жұмыс істегенде, шаршағанда.) –Демалыс не үшін керек? (Күш жинау үшін.) –Адам қалай демалады? (Серуендеп, ойын-сауық орталықтарында, т.б.) «Рөлдік ойын» әдісі –Сендер мектептен келдіңдер. Үй жұмысын қалай және қашан орындайсыңдар? (Жауабын кішкене қойылым ретінде көрсету.) 1-топ. Үй шаруасын орындау. –Балалар не істеп жатыр? Үй шаруасын істеуді (ыдыс жуу, еден сыпыру) сабақтан демалу деп есептеуге бола ма? –Иә, болады. Себебі ол – ой жұмысы емес, физикалық жұмыс. 2-топ. Компьютермен ойын ойнау. – Компьютер алдында отырып мектеп тапсырмасынан тынығуға бола ма? (Жоқ, себебі көзге жүктеме түседі.)	Тақырыппен танысады «Жедел жауап» әдісі бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. •Түскі ұйқы. •Түнгі ұйқы. •Саябақтағы серуен. •Мәдениет орындарындағы демалыс. Әр топ өздеріне берілген тапсырманы қойылым ретінде көрсетеді. 1-топ. Үй шаруасын орындау.	Дескриптор: Демалыс түрлерін атады Демалудың пайдасын айтады  Дескриптор: Сұрақтарға жауап берді Демалыс не үшін керектігін білді Керемет!  Дескриптор: 1-топ Физикалық жұмыс түрлерін ажыратты Өздері жасайтын үй шаруасы туралы айтты 2-топ Компьютермен ойын ойнаудың	Оқулық  Оқулық  Суреттер Оқулық 

Сергіту сәті 2 минут	3-топ. Ұйқыдағы бала. –Ұйқы маңызды ма? Оны демалу деп есептеуге бола ма? Неге? –Иә, ұйқы кезінде адам ағзасы тынығады және күш-қуат жинайды. Есте сақта! Адам үшін демалу өте маңызды. Аулада ойнау, кітап оқу, тіпті үйдегі жұмыстарды істеу де демалуға жатады	2-топ. Компьютер мен ойын ойнау. 3-топ. Ұйқыдағы бала Есіне сақтайды	зиянын білді Өзідерінің телефон, компьютермен қалай ойын ойнайтыны туралы айтты 3-топ Ұйқының денсаулыққа маңызы туралы білді Өзінің ұйқыға бөлетін уақыты туралы айтты	Басбармақ https://www.youtube.com/watch?v=2jDAhLmyrwg
Сабақты қорыту 6 минут	Сергіту сәті – Жазу жазып шаршаған саусақтарыңды қалай демалдыруға болады? Достарымен қолды демалтуға арналған жаттығулар жасауды ұсыну Бірлескен жұмыс ЕБҚ және ЕҚБ «Демалыс деген не?» деген сұраққа жауап бере отырып кластер құрастырады. Кластерге демалысқа байланысты сурет не сөздер жазуы керек. Олар оны таңдап, қорғауы керек. 	Қолды демалтуға арналған жаттығулар жасайды. Екеуі бірлесе отырып, демалыс туралы суреттермен кластер құрастырады	 Сергіту сәтін өткізу Дескриптор: Бірлескен жұмыс жасай алды Демалыс түрлерін таңдап, кластер құрастырды	  
Қосымша тапсырма 2 минут Кері байланыс 5 минут	ФС тапсырмасы Дәптермен жұмыс 1. Адамның денсаулығы мықты болып өсуі үшін не қажет? Белгіле. 2. 2-тапсырмада күн тәртібін уақытпен сәйкестендір 2-тапсырмада бойынша жауаптар: 7.00 – таңертеңгілік жаттығу; 8.30 – мектепке бару; 13.00 – түскі ас; 16.00. – бесін ас; Кешкі 20.00 – теледидар көру; Кешкі 21.00 – ұйықтау. ҚЖ: Алған білімдерін нақтылау үшін тест тапсырмаларымен жұмыс жасайды. 1)Қолдың бөліктерін ата: А. шынтақ, білек, иық. Ә. Қол, аяқ, бас 2)Адам ағзасы қалай тынығады? А. тамақтан Ә. ұйқыдан 3)Сен есеюдің қай шағындасың? А. балалық шақ Ә. Қарттық шақ 4)Адам өсуі мен дамуы үшін қандай тағамдарды пайдалануы керек? А. Тәттілерді Ә. пайдалы тағамдарды 5)Пайдалы тағамдар қатарын анықта. А. жеміс, таза су Ә. Қытырлақ картошка, Кока-кола	Дәптермен жұмыс жасайды Тест тапсырмаларын орындайды Кері байланыс жасайды	Керемет!  Дескриптор: Дәптердегі тапсырмаларды орындады Күн тәртібін уақытпен сәйкестендірді Дескриптор: Тест тапсырмаларын орындады Өтілген тақырыптарды меңгерген  «Білім ағашы» әдісі	 Оқулық Тест тапсырмалары жазылған парақтар Кері байланыс парақтары Алма стикерлер

**Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы
№1 жалпы білім беретін мектебі
Математика пәнінің мұғалімі
Жаужанбай Қаракөз Жаңбырбайқызы**



МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚЫЛ ОЙ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ

Математика сабағында оқушылардың ойлауын белсендіру оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тиісті мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін, формаларын таңдау арқылы жүзеге асырылады. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту, олардың бойында психикалық күйзеліс жағдайын туғызбай ынта-ықылас, білім, білік, дағдыны саналы түрде дамытуға бағытталған күш салу. Тәжірибе көрсеткендей, сабаққа деген қызығушылық көбінесе оқушының осы немесе басқа білімнің не үшін қажет екенін түсінуіне, оларды қолдану мүмкіндігін көруіне байланысты. Сондықтан математика пәні мұғалімнің басты мақсаты – оқушыларды сабақтың мазмұнына қызықтыру, оны практикалық іс-әрекеттермен байланыстыру.

Қазіргі білім беру технологиялары білім мазмұнын сапалы етуге мүмкіндік береді. Сол себепті, заманауи білім беру технологияларына сүйене отырып, математика сабақтарында қолданатын кейбір белсенді әдістерге тоқталсақ:

1. Мәселелік оқыту – оқушының ойлауын белсендірудің тиімді құралдарының бірі. Мәселелік оқытуда қол жеткізілетін іс-әрекеттің мәні оқушының нақты материалды талдап, оған өз бетімен жаңа ақпаратты алу үшін әрекет етуінде. Басқаша айтқанда, бұл бұрын алынған білімнің көмегімен білімді кеңейту, тереңдету немесе бұрынғы білімді жаңаша қолдану. Мұғалім де, кітап та бұрынғы білімнің жаңаша қолданылуын бере алмайды, оны оқушы өзі іздейді және табады, сәйкес жағдайға қояды.

Мәселелік оқыту әдістемесі-бұл қызметтің төрт кезеңінен тұратын іс-қимыл жүйесі:

- мәселені көру, табу (көп күш жұмсауды қажет етеді);
- мәселені мәселелік сұрақ түрінде тұжырымдау (ол жауап-рефлексияны қажет етеді);
- шешім нұсқаларын іздеу (кемінде үш); ұтымды синтез (шешімнің оңтайлы нұсқасы).

Оқытудың бұл түрінің сәттілігі мәселелік деңгейге байланысты, ол мыналармен анықталады: осы мәселе шеңберінде оқушыларға белгілі және белгісіз қатынастардан туындайтын мәселенің күрделілік дәрежесі, мәселелік жағдай оқушыны таң қалдыруы, оның қызығушылығын, түсінуге деген ұмтылысын тудыруы маңызды; мәселені шешу процесінде оқушылардың шығармашылық қатысуының үлесі (жеке және ұжымдық). Оқушылардың мәселені шешу кезінде алатын ақпараты оқу жоспарында және практикалық қолдануда маңызды болуы керек.

2. Оқушылардың сабақтағы өзіндік іс-әрекеті ақыл-ой белсенділігін арттырудың кең таралған әдісі болып табылады.

Белсенді және өз бетінше ойлауды тек белсенді және өзіндік жұмыс жағдайында үйренуге болады. Педагогикалық әдебиеттерде білімді игерудің барлық кезеңдерінде өзіндік жұмысқа үлкен мән беретін мұғалімдер сабақта өз бетінше жұмыс істеуге әдеттегіден 2-3 есе көп уақыт бөлетіні көрсетілген.

Өзіндік жұмыс әр оқушының даралығын көрсетуге мүмкіндік береді, оның ақыл-ойы мен мінезін қалыптастырады. Мұның бәрі терең және берік білімді игеруге ықпал етеді. Мұғалімнің табысты қызметі үшін зерттелетін тақырыпта өзіндік жұмыстың нақты орнын анықтау маңызды, мүмкіндігінше оқушылардың ақыл-ой әрекетінің сипатына және қойылған дидактикалық мақсатқа байланысты өзіндік

жұмыс формасын және оның түрін дұрыс таңдау керек. Сондықтан оқушылардың өзіндік жұмыстарының белгілі бір түрлерін ұйымдастыру үшін оқу материалына мұқият талдау жасалады.

3. Талдауды (анализ) қолдана отырып есептерді шешу. Талдауды қолдана отырып есептерді шешу әдісі оқушылардың зерттеушілік, демек, ойлау әрекеттерін белсендіруге көмектеседі.

Математика пәнінен тапсырмалар мектеп оқушыларының ой-өрісін ынталандырады, олардың оқу іс-әрекетін ғылыми ізденістерге жақындатады, оларды белгілі бір дәрежеде ғылыми танымның кезеңдерімен, әдістерімен және құралдарымен таныстырады, әрине, оқушыларды олардың болашақ практикалық іс-әрекетіне дайындайды.

Белсенді ойлау әрекеті үшін әртүрлі тапсырмалар өте пайдалы, оларды шешу процесі жоғары психикалық шиеленіспен, тәуелсіз ізденіспен, дәлелдермен, пайымдаулармен сипатталады. Есептерді шешу талдау және синтездеу, абстракциялау, салыстыру, нақтылау, жалпылау сияқты ақыл-ой операцияларын барынша жұмылдырады және дамытады, оқушыларды осы операцияларды өзінің танымдық іс-әрекетінде дұрыс қолдануға үйретеді. Бұл процесс сабаққа эмоционалды жандандырады, осы пәнге деген қызығушылықты арттырады.

Оқытуда тапсырмалар әртүрлі рөл атқара алады. Олар мынадай мақсаттарда қолданылады:

- 1) сабақтарда жекелеген теориялық ережелерді неғұрлым дәлелді түсіндіру;
- 2) білімді практикада қолдануды тиімді ұйымдастыру және теориялық ережелердің практикалық маңыздылығын көрсету;
- 3) білімді қайталау, жаңғырту және бекіту;
- 4) білімді бақылау және өзін-өзі бақылау;
- 5) білімді жаңа жағдайларда шығармашылық пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Есептерді шешуді талдау оқу уақытының жеткілікті үлкен шығындарын талап етеді, бірақ бұл оқушыға шешімді қалай табуға болатындығын көрсетуге мүмкіндік береді. Егер әдіс жүйелі түрде қолданылса, онда оқушылар есептердің шешімін табу дағдыларын қалыптастырады. Талдау көптеген мәселелерді шешудің ажырамас бөлігі болғандықтан, мектеп оқушыларына бұл процесті үйретудің қаншалықты маңызды екендігі анық. Математиканы оқыту теоремалар мен олардың дәлелдерін есте сақтауға емес, таным әдістерін игеруге байланысты болғандықтан да маңызды.

4. Салыстыру әдісі. Оқу білімін игеру кезінде оқушылардың ойлау процестерін жандандыру мақсатында оқушылардың ойлау белсенділігін, олардың білім сапасын арттыратын салыстыру әдісін қолдану өте тиімді. Зерттелетін материал терең түсініледі, жадта мықтап сақталады. Салыстыру ойлау процестерінің өнімділігінің негізгі шарты ғана емес, сонымен қатар толыққанды аналитикалық және синтетикалық ақыл-ой операцияларын жүзеге асырудың шарты болып табылады. Бұл жеке белгілерді бөліп көрсету, әртүрлі заттар мен құбылыстарға тән жалпы және әртүрлі белгілерді табу және осыған сүйене отырып, оларды жалпылау, тұжырымдамаға келтіру, яғни салыстыру кез-келген абстракция мен кез-келген жалпылаудың міндетті шарты ретінде әрекет ететін психикалық белсенділікті білдіреді.

Пәндер, құбылыстар, процестер, заңдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін ақыл-ой салыстыру операциясы оқушылардың ақыл-ой белсенділігіне, олардың танымдық қабілеттерінің дамуына терең әсер етеді.

5. Сұрақтар әдісі. Көптеген сұрақтар мидың қызметін белсендіреді, оны дұрыс жауапты табуға бағыттайды. Бұл жағдайда тұлғаның психикалық белсенділігінің деңгейі соншалықты жоғары деңгейде болмайтыны сөзсіз, ол жаңа білімді іздеуді талап ететін белгісіздік аймағын қамтитын сұрақтардың көмегімен қол жеткізіледі.

Негізінен мыналарды қажет ететін сұрақтар қолданылады:

- 1) бұрын игерілген білімді қалпына келтіру және оларды жаңғырту;
- 2) жаңа білімді іздеу, фактілерді терең талдау, оларды салыстыру. Бірінші топтың сұрақтарына жауап беру үшін білім алушылар оқу, еңбек қызметі процесінде ұсынылған фактілерді, құбылыстар, процестер туралы мәліметтерді еске түсіреді. Мұндай сұрақтар сынақтарда, емтихандарда, яғни білімді бақылау процесінде және оларды практикада қолдануды ұйымдастыруда қолданылады. Олар білімді жүйелеуге ықпал етеді, есте сақтау қабілетін қамтамасыз етеді. Екінші топтың сұрақтарында белгісіз, даулы, түсініксіз элементтер бар. Дидактикада олар мәселелік деп аталады. Олар белгісіз аймақты қамтиды. Мәселелік сұрақтарға жауап беру үшін жаңа білім қажет, оларды іздеу оқушылардың ақыл-ой белсенділігін барынша арттырады. Оқушылардың ақыл-ой әрекетін жандандыру мақсатында оқушылардан сабақта өз бетінше жұмыс жасау барысында алған білімдерін жай ғана жаңғыртуды емес,

жаңа танымдық мәселелерді шешу үшін білімді шығармашылықпен пайдалануды талап ететін мәселелерді қоюды кеңінен қолдану қажет екенін ерекше атап өткен жөн.

Сұрақтарды оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін қарастыратын фактілер мен ақпаратты талдауға, салыстыруға бағыттайтындай және логикалық ойлауының дамуына ықпал ететіндей етіп құрастырған жөн.

Осылайша, мұғалімнің математика сабақтарында оқытудың заманауи белсенді әдістерін жүйелі қолдануы білім алушының оқу іс-әрекетін және оны жүзеге асыратын жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Заика, В. Как научиться учиться легко: Методические рекомендации по психогигиене и развитию познавательных процессов / – Харьков: ХГУ, 2013. – 52с.;
2. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе. От действия к мысли: пособие для учителя / (А.Г. Асмолов, Г.В. Бурменская, И.А. Володарская и др.); под ред. А.Г. Асмолова. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 2010;
3. Михеева Ю.В. Проектирование урока с позиции формирования универсальных учебных действий. Статья. Учительская газета, 2012.

**“Алматы облысы Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің
“Ы Алтынсарин атындағы орта мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Амирова Айгерим Жанымхановна**



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТА ЖӘНЕ САБАҚТАН КЕЙІНГІ УАҚЫТТА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін шешуге принципті көзқарас л.с. Выготскийдің еңбектерінде ұсынылған, ол қарым-қатынасты жеке даму мен балаларды тәрбиелеудің негізгі шарты ретінде қарастырған. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру мектептің басым міндеттерінің бірі болып табылады деп айтуға болады, өйткені қарым-қатынас процесінің тиімділігі мен сапасы көбінесе қарым-қатынас субъектілерінің коммуникативті дағдыларының деңгейіне байланысты.

Құзыреттілік ұғымының анықтамалары

Құзыреттілік және коммуникативті құзыреттілік сияқты негізгі ұғымдардың көзқарасын нақтылайық. Құзыреттілік (лат. Competentis – қабілетті) - оқу процесінде қалыптасатын және жеке тұлғаның әртүрлі мінез-құлық және тиімді-практикалық мәселелерді шешуде дербес іріктеу және жобалау әрекеттеріне қабілеттілігі мен дайындығы ретінде көрінетін білімнің, дағдылардың жиынтық сипаттамасы. Құзыреттіліктерді тұлғаның үнемі дамып келе жатқан қасиеттері, білімді жаңа жағдайда қолдану мүмкіндігі деп атауға болады. Соңғы жылдары ең көп қолданылатын термин "коммуникативті құзыреттілік" болды. Коммуникативті құзыреттілік лингвистикалық құзыреттілікті меңгеруді, тіл туралы

мәліметтерді білуді, тілдік құралдарды қарым-қатынастың міндеттері мен шарттарымен байланыстыра білуді, коммуникаторлар арасындағы қатынастарды түсінуді, мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен коммуникативті орындылығын ескере отырып қарым-қатынасты ұйымдастыра білуді қамтиды.

Басқа түсіндірме бойынша, коммуникативті құзыреттілік:

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін және сөйлеу мәдениетін меңгеру;
- оқушылардың қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдайларында белгілі бір коммуникативті мәселелерді тілдік құралдармен шешу қабілеті;
- қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында шындықты адекватты қабылдау және көрсету үшін вербалды және вербалды емес құралдар саласындағы білім, Дағдылар мен дағдылардың жиынтығы.

Бастауыш мектепте коммуникативті құзыреттілік ерекше маңызға ие. Бастауыш мектеп жасында ішкі сөйлеу, монологиялық сөйлеу түпкілікті қалыптасады, жазбаша сөйлеу негіздері қаланады. Бастауыш мектепте коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларын оқытудың сәтті болуының шарты болып табылады.

Коммуникативтік блок әмбебап оқу іс-әрекеттерінің негізгі түрлерінің құрамына кіреді. Коммуникативті құзыреттіліктің бірнеше аспектілері немесе компоненттері бар:

- коммуникативті қабілет;
- коммуникативті білім;
- коммуникативті дағдылар.

Коммуникативті қабілет - бір жағынан адамның қарым-қатынастағы табиғи дарындылығы, екінші жағынан коммуникативті өнімділік.

Коммуникативті білім-бұл қарым-қатынас деген не, оның түрлері, фазалары, даму заңдылықтары туралы білім. Бұл салаға белгілі бір коммуникативті дағдылардың даму дәрежесі және менің орындауымда қандай әдістер тиімді екендігі туралы білім кіреді.

Қазіргі тұлғаның маңызды дағдыларының бірі, менің ойымша, коммуникативті дағдылар. Оларды жоғары деңгейде иелену әртүрлі іс-шаралар кезінде басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Болашақта кезең-кезеңімен даму үшін бастауыш мектеп жасында коммуникативті дағдыларды қалыптастыруды бастау маңызды. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті белсенділігін арттыру оқушыларды жігерлі, мақсатты қарым-қатынасқа шақыру процесін қамтиды. Қарым-қатынас кез-келген сабақтың ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру оқу процесінің сапасын арттыруға әкеледі.

Қарым-қатынасты жандандырудың басты мақсаты - оқушылардың коммуникативті белсенділігін қалыптастыру, онда коммуникативті мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін іздеу, іс-әрекет тәсілдерінің икемділігі мен ұтқырлығы, шығармашылық қызметке көшу байқалады. Коммуникативті даму әр түрлі бағытта жүреді. Бұл сандық жинақтау (сөздік қорының ұлғаюы, айтылу көлемі) және сапалық өзгерістер (айтылу, келісілген сөйлеуді дамыту, кері сөйлеуді түсіну). Алайда, жеке тұлғаның коммуникативті қалыптасуының қарқындылығы мен сәттілігінің негізгі критерийі-табиғаты бойынша әртүрлі коммуникативті міндеттерді түсіну, қою және шешу қабілеті, яғни.басқа адамдармен, ақпарат құралдарымен және өзімен қарым-қатынаста сөйлеу-ойлау қызметін дұрыс және оңтайлы қолдана білу.

Қазіргі мектептегі жағдай оқушыдан жаңа күрделі коммуникативті мәселелерді белсенді шешуді талап етеді: оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен зерттелетін материал туралы іскерлік қарым-қатынасын ұйымдастыру. Сондықтан балада ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастың жоғары формаларын дамыту өте маңызды, бұл мұғалім мен оқушы арасындағы, сыныптастар арасындағы қарым-қатынастың жаңа түрін қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Диалог, жанды қарым-қатынас, тренингтер, тілдік коммуникация-оқушылар өсіп, дамитын іргетас.

Оқытудағы коммуникативті тәсілдің негізгі сипаттамасы - "қарым-қатынасты үйрену". Оқу сабағы барысында қарым-қатынас жасау оқушыға оқу жетістіктерін арттыруға ғана емес, сонымен қатар болашақ кәсіби таңдауына әсер етуге мүмкіндік береді.

Оқу коммуникациясының негізгі нысандары:

- Сөйлеу коммуникациясының монологиялық формалары
- Сөйлеу коммуникациясының диалогтық формалары
- Алдын ала дайындалған сөз сөйлеңіз
- Мұғалім мен оқушының оқу әңгімесі
- Жұпта оқу әңгімесі
- Топтардағы оқу әңгімесі

- Сұрау және сұрақтар қою
- Пікірталас
- Сұрақтарға жауап беру
- Рөлдік ойын
- Блиц турнирі
- Дәлелдеу және жоққа шығару
- Жобаны қорғау

Оқушылардың сөйлеу құзыреттілігін дамыту мұғалімнің сөйлеу қарым-қатынасын оқыту мақсаттарын түсінуін қамтиды. Сөйлеу құзыреттілігі қалыптасады:

- пәннің мазмұнын оқыту арқылы;
- қолданбалы зерттеу дағдыларын дамыту арқылы;
- әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы;
- оқу коммуникациясының тұлғаға бағытталған аспектісі арқылы.

Оқушының коммуникативті мәдениетін дамытуға ықпал ететін сабақтың мүмкіндіктері орасан зор. Оқушылар мектеп сабағында қарым-қатынас жасауды үйренуі үшін оларды мектеп сабағында дәл осылай жасауға үйрету керек. Бұған келесі кезеңдері бар мектеп коммуникациясын дамытудың ойластырылған тұжырымдамасы ықпал ете алады:

1 кезең:

Оқушылардың сабаққа қатысуға дайындығы

Толық жауап бере отырып, сұрақтарға жауап беру

Мәселе немесе тақырып бойынша жұмыстың мазмұнын қадағалап, сұрақтар қойыңыз

Сұрақтар мен жауаптарға түсініктеме беріңіз

Хабарламалар жасау

Логикалық және дәйекті түрде айту

2 кезең:

Сөйлеудің қарапайымдылығы мен айқындылығы

Әр адамға өз сөзін түсінікті ету қабілетін пысықтау

Өз ойыңызды бейнелі, жарқын және қысқаша жеткізе білу

Мәлімдемені растайтын мысалдарды қолдана білу

Риторикалық сұрақтарды қолдана білу

Серіктеспен және әңгімелесушімен байланысу мүмкіндігі

Сөйлеудің көлемін және жылдамдығын реттей білу

3 кезең:

Жұпта, топта әңгіме жүргізу мүмкіндігі

Әңгімені жалғастыра білу

Сындарлы диалог жүргізе білу

Пікірталас құра білу және оны жүргізу

Конференцияларға, ойындарға және турнирлерге қатысу мүмкіндігі.

Оқушыларды қарым-қатынасқа дайындау бойынша жұмыс бірнеше аспектілерді қамтиды: оқушылардың ойлауы мен сөйлеуінің белгілі бір ерекшеліктерін дамыту, олардың белгілі бір әлеуметтік көзқарастары мен коммуникативті дағдыларын қалыптастыру. Егер адам қажетті құралдар жиынтығына ие болса, қарым-қатынас процесіне тиімді қатыса алады.

Қорытындылай келсек, бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетіндегі коммуникативті қабілеттерін қалыптастыру көбінесе әлеуметтік мәселелерді шешуді анықтайды, бұл бүгінгі таңда бастауыш сынып мұғалімінің жұмысындағы өте өзекті міндет. Бастауыш сынып оқушысының коммуникативті құзыреттілігін дамыту-бұл үнемі өзгеріп отыратын өмір сүру жағдайларына сәтті бейімделе алатын адамның негізгі компоненттерінің бірі. Коммуникативті тәсіл іс-әрекет субъектілерінің өзара әрекеттесуінің осындай кеңістігін құруды көздейді, онда әрқайсысы шындықты ұжымдық іздеуге белсенді қатысады, өз ойларын айтады, дәлелдейді, диалогтағы өз ұстанымдарын құрметтейді және өзара қолайлы көзқарасты қалыптастырады. Коммуникативті технологиялар білім алушыларды белсенді қосу арқылы шындықты іздеу процесінде оқу процесінің қарқындылығы мен тиімділігі жоғарылаған кезде оқу процесін ұйымдастыруды көздейді. Коммуникативтік қабілеттерді дамыту ынтымақтастық технологиясы арқылы барынша іске асырылады. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру-жеке тұлғаны дамытудың маңызды сәттерінің бірі.

**Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Төсқайың ауылы
"Төсқайың орта мектебі" КММ
Әлеуметтік педагог
Кутпаева Гания Темержановна**



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Соңғы уақытта Қазақстанда денсаулығында дамуында бұзылыстары бар адамдарға деген қоғамның көзқарасы және ерекше білім алуды қажет ететін балалардың мүмкіндіктері туралы пікірлері өзгерді. Осыған байланысты білім берудің тағы бір түрі – инклюзия тарай бастады. Инклюзивті білім беруді енгізу ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке тұлғасының дамуына және олардың қалыпты дамып келе жатқан қатарластарына оң әсер етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға төзімділік позициясын қалыптастыру, оларға көмектесуге ұмтылу олардың сыныптастары арасында бас тартушылық және агрессивтілік қаупін азайтады.

Қазіргі Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға көбірек көңіл бөлінуде. Өткен жылдың басында Мемлекет басшысы Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны артып келе жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларда 7 мен 18 жас аралығындағы ерекше білім беруді қажет ететін 112 мыңдай бала есепте тұр.

2021 жылғы 25 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚКК V отырысында мамандандырылған мекемелер мен ұйымдардың жұмыс істеуінің қолданыстағы стандарттарын жаңарту қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті осы саладағы нормаларды қолданыстағы стандарттарды ескере отырып жаңғыртуды тапсырды. Осы тапсырмаларды орындауға Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56 Заңы бағытталған. Сондай-ақ бұл құжат ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін даму бағдарламаларын жасауды, қолданыстағы білім беру жоспарларын бейімдеуді және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді көздейді.

Инклюзивті білім беру енгізілгенге дейін білім берудің екі жүйесі – жалпы білім беру және арнайы білім беру жүйесі болғаны белгілі. Екі жүйе дерлік автономды жұмыс істеді және бір-біріне тәуелді болмады. Жалпы білім беру жүйесі қалыпты дамыған балаларды оқытумен айналысты. Арнайы білім беру жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға бағытталған және айтарлықтай тиімді нәтиже көрсетті. Осыған қарамастан, көптеген ғалымдар бұл жүйенің кемшіліктерін анықтады, олардың негізгілері ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы әдеттегі ортадан оқшаулау және болашақта әлеуметтік өмірдің қиындықтарына төтеп беру қабілетінің қалыптаспауы болды.

Инклюзивті білім беру – адам тұлғасының ерекше құндылығына, оның бірегейлігіне, қандай физикалық жағдайына қарамастан лайықты өмір сүру құқығына негізделген гуманизм идеяларының дамуының нәтижесі.

Инклюзивті білім беру концепциясы – барлық адамдардың өзіне тән қадір-қасиетін құрметтеу феноменін тудырған мүлде жаңа ұғым. Туа біткен қадір-қасиет концепциясы қоғамдағы барлық адамдардың ерекшеліктеріне қарамастан белсенді қатысуын атап көрсетеді. Инклюзивті білім беру жүйесі егер бала оқи алмаса, онда мәселе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балада емес, білім беру

жүйесінде деп есептейді. Білім беру барлық балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай оқытуды ұйымдастыруға жауапты.

- тапсырманы орындау, жаңа білім бойынша ауызша есеп құрастыру, тірек-сызба, модельдер дайындау, кластер толтыру, теориялық материалды сурет түрінде беру, т.б. Топта бірлесіп жұмыс жасай отырып, оқушылар белгілі бір блокты тапсырмаларды орындайды, даулы мәселелерді талқылайды. Бұл кезеңдегі маңызды фактор - топтағы барлық қатысушылардың тапсырмаларды талқылауға және орындауға қатысу керектігінде. Осы талқылаулар барысында топ мүшелерінің әрқайсысы оқытылатын материалды игеріп, тапсырмамен жұмыс істеу, есеп құжатын және жауапты құрастыру кезінде бекітеді.

- жауаптарды бақылау және түзету топтың қаншалықты бірқалыпты жұмыс істегенін және сыныптастарына материалды қолжетімді түрде түсіндіре алғанын анықтауға мүмкіндік береді. Жауап беру кезінде білім алушылар оқытушы дайындаған слайдтарды пайдаланады, кластерді, сызбаларды толтырады. Нәтижелерді таныстыру кезінде әрбір топтың басты міндеті зерттелетін тақырыптың жалпы бейнесін қалыптастыру үшін тірек сызба жасау болып табылады.

- қорытындылау және рефлексия кезең-кезеңімен жүзеге асырылады: әр топ ұсынылған критерийлер бойынша өзін-өзі бағалау парағын толтырады, ал мұғалім тексеру үшін конспект жинап, сабаққа жалпы баға қояды. Рефлексия барысында оқушылар әр топтың жұмысындағы жағымды және жағымсыз жақтарын, тапсырманы орындауда қандай қиындықтарға тап болғанын және т.б. көңілі толмаған бөліктерін көрсетеді.

Білімді жалпылау және жүйелеу сабақтарында топтық жұмыс түрі барлық оқушыларды жұмысқа жұмылдырып, өзара жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Биология курсының қорытынды сабағында келесі тапсырманы ұсынамын: 25 минут ішінде барлық тақырыптар бойынша 15 сұрақ-тапсырманы орындап, содан кейін басқа топтардың сұрақтарымен алмасып, жауап беру. Сұрақтар бойынша рефлексия жүргізу. Бұл тапсырма бірлескен жұмысқа ықпал етеді, танымдық және шығармашылық белсенділікті ынталандырады.

Осылайша, топтық жұмыс түрлерін пайдалана отырып, сабақты ұйымдастыру материалды жан-жақты қарастыруға ықпал етеді, оқу материалының қолжетімділігін қамтамасыз етеді, оқушылардың жоғары позитивті ынтасын сақтауға көмектеседі, олардың есте сақтауын, логикалық ойлауын дамытуға, оқушылардың қалыптасуына ықпал етеді, коммуникативтік қабілеттерді, оқу белсенділігін және оқу үдерісін өзін-өзі ұйымдастыру мен өзара оқытуды арттыруға әкеледі.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінің мәселелерін шешуде және оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруда топтық технологияны қолдану ең орынды екенін атап өткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тукоякова, Ш. Р. Влияние групповой работы на активизацию познавательной деятельности учащихся на уроках биологии / Ш. Р. Тукоякова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 26.1 (130.1). — С. 36-39.
2. Пасечник В. В. Биология: методика индивидуально-групповой деятельности: учебное пособие для общеобразоват. организаций. М., 2016. 109 с.
3. Хайбулина К. В. Методика использования средств информационных технологий при индивидуально-групповой деятельности на уроках биологии // Актуальные проблемы биологической и химической экологии: сборник материалов VI Международной научно-практической конференции, Мытищи, 26-28 февраля 2019 г. М., 2019. С. 386-390.

Алматы қаласы, Әуезов ауданы
КМҚК «№190 бөбекжай – балабақшасы»
Тәрбиеші, педагог-модератор
Сауытбекова Жұлдызай Тажиевна



«ТҮЙМЕ ҚЫЗ»

Жүргізуші: - Армысыздар! Құрметті ұстаздар, ата-аналар және біздің айдай сұлу аруларымыз! Сіздерді бүгінгі көктемнің шуақты әрі шырайлы мейрамында өздеріңізге арналған мерекелік кешімізде көргенімізге қуаныштымыз!

Жүргізуші: - Иә, дұрыс айтасың! Бұл мереке табиғаттың тамылжып, таңғажайып кейіпке енер мезгілінің ең әсем, ең ерекше мерекесі десек қателеспейміз. Аяулы әжелер, ардақты аналар, қызғалдақ қыздар, мейірбан тәрбиешілер, сіздерді 8- Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүргізуші: Сіздерге осынау әдемі сәтте әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің көңілді күнін тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Ендеше өздеріңізге арналған «Ғажайып ертегілер әлемі» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде

Сүрді өмірін жас ана.

Жалғыздықтан қайғырып

Құрғатпады жас көзін.

(Ортаға Ана келіп жылайды)

Ана: Күндерім менің көңілсіз,

Сыздайды ана жүрегім.

Жылуымды арнайтын

Перзентім болса тілегім.

Әуенмен Сикыршы келеді.

Сикыршы: Естіп тұрмын, естіп тұрмын!

Мұнаймаңыз.

Мереке күні сенің де,

Орындалсын арманың!

Міне саған сикырлы дән, оны тез арада топыраққа отырғыз.

Ана: Сонда не болады?

Сикыршы: Асықпа сұлуым, менің айтқанымды орындасаң бәрін өз көзіңмен көресің. *(деп Сикыршы шығып кетеді)*

Анасы дәнді топыраққа отырғызады

Осы гүлге музыка ырғағымен, ана су құйған сәтте сахнаға көбелектер кезекпен ұшып келіп, гүлдерді айнала қона бастайды. «Ертегілер» әнін гүл ішіндегі ханшайым көбелектер де онымен бірге ырғаққа билеп шығып кетеді

Гүлдің ішінен түймеқыз шығады

Түймеқыз: Ана, ана!

Анасы: Қызым, кішкентай менің бөбегім! Менің арным орындалды! Қандай керемет, дауысыңнан сенің! Тағы да айтшы «Ана» деп!

Түймеқыз: Ана, Анашым!

Анасы: Өзі сондай сүйкімді, қызым мен сені ешкімге бермеймін, сені әрқашан мәпелеп, аялап жүремін.

Түймеқызы: Анашым мен шаршадым, ұйқым келді.

Анасы: Жарайды қызым ұйықтай ғой, мен саған бесік жырын айтып берейін.

Бақа (анасы): Бір маса, екі маса,

Қане балам, аузыңды аш та, масадан аса!

Бақа (баласы): Тууф, анашым, жатудан да жалығыыып кеттім. Не істесем екен?

Бақа (анасы): Жалықсаң егер балам,

Берейін қолыңа қалам.

Ақылға толар санаң

Егер де білім алсаң.

Бақа (баласы): Білім маған не керек

Үйленсем деймін тезірек!

Бақа: - Ой, қандай сүйкімді қыз!

(Түймеқызды қолынан сүйреп тұрғызады)

Түймеқызы: Ана, ана, көмектесіңіз!

Бақа: Бекерге айқайламайақ қой! Мына шалшықта сені анаң естімейді! Енді бізбен бірге тұратын боласың.

Түймеқызы: Жо-жоқ, бақа! Мені тез арада үйіме апаршы, анам уайымдап отырған шығар.

Бақа: Бүгіннен бастап сенің үйің осы жер. Ал менің достарым сенің көңіліңді көтеріп би белеп берсін!

Би «Бақалар»

Ханқызы: Түйме қыз сен үй шаруасына өте лайықты екенсің, үйдегі кәрі әжеме көмектесесің!

Ханқызы: Жарайды көмектесейін, бірақ мені анама апарасың ба?

Ханқызы: Ана дегенді мүлдем ұмыт - деп Түймеқызды әжесіне ертіп келеді

Ханқызы: Әже, сізге көмекші алып келдім.(деп Түймеқызды тастап ұшып кетеді)

Түймеқызы: Мейірімді әжетай, жүзіңіз сондай жылы екен. Маған көмектесіңізші. Анам мені іздеп жүрген болар.

Әжесі:(тоқыма тоқып отырады): Қызым, мұнайма,өзің сондай сүйкімді екенсің! тоқымамды бітірсең мен саған көмектесейін.

Жүргізуші: Түйме қыз Ханқызы әжесіне көмектесіп жатыр. Ал сендер аналарына үй шаруасында көмектесесіндер ме?

Балалар: Әрине көмектесеміз.

Ойын: Көмекшілер

Жүргізуші: Балалар сендерге ертегі ұнап жатыр ма? Ханқызының әжесі өте мейірімді екен. Ол Түйме қызға көметесетініне үміттеміз. Олай болса, бүгінгі мерекеде әжелерімізге де арнап әнімізді орындап берейік.

Ән: Әже

Жүргізуші: Тақпақтар

Әже: (Түймеқыздың қолынан ұстап): Ал Түйме қызсен маған тоқымамды тоқып көмектестің. Енді мен саған көмектесейін.

Көктем келді, құстарым,

Қайдасыңдар достарым!

Қарлығаштар ұшып келеді (2 қыз):

Сәлем, сәлем, жер ана!

Көктем гүлі айнала!

Туған жерге алыстан

Ұшып келдік сағына.

Әже: Қош келдіңдер, қарлығаштар! Мына кішкентай қызды менің балам келмей тұрып тез арада анасына жеткізіндер! Есесіне мен сендерге шидан тоқыған тоқымамды беремін, ұяларыңның қабырғасын қалауға жарайды.

Қарлығаш: Жарайды мейірімді әже, айтқаныңызды орындаймыз!

Түймеқызы Қоңыз әжемен қоштасып, қарлығаштармен өз үйіне келеді.

Тәрбиеші: Осылайша Түймеқызы үйіне оралады.

Түймеқыз: Ана, ана, анашым!

Анасы: Қызым, кішкентай бүлдіршінім! Енді мен сені ешқашан жалғыз қалдырмаймын.

Жүргізуші: Түйме қыз үйіне оралып. Анасымен қауышты

Ал енді мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай сәнқой ханшайдарымызды шақырайық.

Жүргізуші: Қуанышқа толды ана кеудесі,
Айырмасын анадан өз перзентін.

Ән: Ана

Жүргізуші:

Баланың да тірегі,

Дананың да тірегі,

Ауырмасын ешқашан

Аналардың жүрегі.

Өмірге бізді келтіріп,

Жарық дүние сыйлаған

Аман болсын аналар

Аман болсын балалар!- деп, бүгінгі мерекелік ертеңгелігіміз аяқтаймыз! Келесі кездескенше сау-сәлеметте болайық!

Область Жетісу, Қаратальский район
КТУ «Средняя школа имени Ахмета Байтурсынова с ДМЦ»
Учитель русского языка и литературы
Арыкбаева Жанар Онгаровна

«ЭФФЕКТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ РАБОТЫ С ТЕКСТАМИ НА УРОКЕ»

На уроках русского языка и литературы важнейшей задачей является развитие у школьников умения правильно воспринимать и анализировать тексты. Учитель в этом процессе играет ключевую роль, направляя учащихся на развитие навыков чтения, интерпретации и понимания. Ученики должны не только уметь читать, но и уметь работать с текстом, извлекая из него информацию и анализируя смысл. На своих уроках я использую различные эффективные стратегии работы с текстом, которые помогают детям глубже понять материал и научиться работать с ним.

1 стратегия- стратегия предварительного чтения текста. Перед тем как приступить к чтению нового текста, полезно дать учащимся задания, которые помогут им настроиться на восприятие материала. Поэтапные шаги стратегии: 1 шаг- нужно обсудить тему, 2 шаг- если произведение художественное, лучше ввести в биографию автора , 3 шаг- объяснение трудных слов и выражений, которые могут встретиться в тексте, 4 шаг- постановка вопросов, на которые ученики должны будут ответить по ходу чтения. Стратегия предварительного чтения дала учащимся более полное представление о содержании и контексте текста, что помогает им лучше понять его при чтении. Вторая стратегия- активное чтение. Активное чтение предполагает не просто ознакомление с текстом, но и его осмысление в процессе чтения. 3 стратегия- анализ текста. После того как текст прочитан, важно провести его анализ. Это этап, на котором учащиеся разбирают содержание, структуру и идеи текста. Сначала мы разбираем текст по частям, затем я предлагаю ученикам разделить текст на части и обсудить каждую часть по очереди. Также на уроках при работе с литературными произведениями совместно с учениками анализируем структуру текста. Учащиеся рассматривают как автор строит сюжет, какие литературные приемы использует, как развивается основная идея. С помощью стратегии анализа текста ученики научились выявлять важные элементы текста, такие как главная идея, персонажи, литературные приёмы, и понимать как они влияют на восприятие произведения

Чтобы помочь учащимся осознанно читать, можно использовать следующие методы:

- Подчёркивание ключевых моментов. Учитель может предложить ученикам выделить основные идеи или слова в тексте, которые играют важную роль.

- Записи в блокнот. Во время чтения можно делать краткие заметки, чтобы потом обсудить прочитанное или задать вопросы.

- Вопросы по тексту. В процессе чтения учащиеся могут записывать вопросы, которые у них возникают. Эти вопросы помогают сосредоточиться на содержании текста и стимулируют мыслительный процесс. Эти методы научат учащихся внимательно читать текст, выделять главное, делать заметки, а также формулировать вопросы, которые помогут глубже понять смысл произведения.

4. Стратегия синтеза и обобщения. Эта стратегия направлена на то, чтобы учащиеся смогли обобщить полученные знания и применить их к новым ситуациям. Например:

- Написание краткого пересказа. Это задание помогает ученикам пересказать основные события текста своими словами, что развивает умение выделять главное.

- Создание схем или таблиц. Ученики могут составить схемы, которые помогут им визуализировать содержание произведения (например, карта персонажей, схема сюжета и т. д.).

- Дискуссии и дебаты. После прочтения текста можно организовать обсуждение, где ученики будут выражать своё мнение и спорить на основе прочитанного. Таким образом учащиеся будут способны обобщить материал, правильно сформулировать выводы, а также научатся выражать своё мнение и аргументировать его.

5..Стратегия «Прогноз по заголовку».

Задание: подумайте, о чем может идти речь в рассказе К.Г.Паустовского «Телеграмма», в произведении П.П. «Медной горы Хозяйка» и т.д.

– Попробуйте спрогнозировать содержание по первой строчке произведения...Вспомните, как называется произведение....Соответствует ли содержание рассказа названию?

Приведите примеры подобных расхождений.

6. Стратегия «Образ текста».

Задание: проверьте свои предположения. На основании слов, взятых из текста, попробуйте составить небольшой сюжетный рассказ. Название рассказа дается.

7.Стратегия «Батарея вопросов».

Задание: составьте вопросы к тексту по заглавию, по иллюстрациям.

8. Стратегия «Глоссарий».

Задание: посмотрите на список слов и отметьте те, которые могут быть связаны с текстом. Закончив чтение текста, вернитесь к данным словам и посмотрите их значение и употребление слов, используемых в тексте.

9. Стратегия «Соревнуемся с писателем».

Задание: попробуйте спрогнозировать содержание книги, просмотрев иллюстрации. Один ученик предлагает свой вариант, остальные его дополняют.

10. Стратегия «Чтение в кружок». Текст читается по очереди (каждый «член кружка» читает по абзацу). После этого следует остановка: все задают вопросы к прочитанному отрывку. Если на вопрос ответить невозможно (он не соотносится с текстом), то вопрос считается неправильным. * Все правильные вопросы могут записываться.

11. Стратегия «Поставь проблему – предложи решение». Вспомните, с какими проблемами сталкиваются герои произведения (проблема формулируется и записывается в овал). Далее дети могут назвать несколько проблем, учащиеся делятся на группы и предлагают всевозможные варианты решения проблем.

12.Стратегия «Кубик Блума» (Бенджамин Блум – известный американский педагог, автор многих педагогических стратегий = техник).

На гранях кубика написаны начала вопросов: «Почему?», «Объясни», «Назови», «Предложи», «Придумай», «Поделись». Учитель или ученик бросает кубик.

Необходимо сформулировать вопрос к учебному материалу по той грани, на которую выпал кубик.

Вопрос «Назови» нацелен на уровень репродукции, т.е на простое воспроизведение знаний.

Вопрос «Почему» – ученик в данном случае должен найти причинно – следственные связи, описать процессы, происходящие с определенным предметом или явлением.

Вопрос «Объясни» – ученик использует понятия и принципы в новых ситуациях.

Все выше перечисленные стратегии предусматривают серьезную работу с текстом, его глубокий анализ и понимание, организацию самостоятельной познавательной деятельности учащихся по учебному материалу Продуманная и целенаправленная работа с текстом позволяет вычерпать из большого объема информации нужную и полезную, а также приобретать социально нравственный опыт и заставляет думать, познавая окружающий мир.

Алматы қаласы, Әуезов ауданы
КМҚК «№190 бөбекжай-балабақшасы»
Тәрбиеші, педагог-модератор
Исмаилова Нургуль Бакытовна



«ҚОШ КЕЛДІҢ ЖАҢА ЖЫЛ!»

Мақсаты: Балаларды қонақжайлылыққа үйрету, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, Ұлу, Жылан.

Көрнекіліктер: Ақ ұлпа қарлар, сыйлақтар.

Музыка әуенімен балалар қолдарына жылтыр қарлармен би қимылдарын жасап кіреді жарты шеңбер болып шыршаның қасына барып тұрады.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Келді тағы Жаңа жыл,
Қуантумен біздерді
Құтты болсын мереке,
Құттықтаймыз сіздерді.

Жүргізуші: Балалар, қараңдаршы, біздің бөлмеміз әдемі безендірілген, біз бүгін Жаңа-жыл мерекесін тойлайық деп жатырмыз. Бізге көптеген қонақтар келіпті, шыршаға әдемі ойыншықтар ілініпті.

Жүргізуші: Балақайлар, қараңдаршы шыршамызда қаншама ойыншықтар, тәтті кәмпіттер ілінген. Осы әсем шыршамызға әдемі әнімізді тарту етейік.

Ән: «Жаңа жыл мереке»

Жүргізуші: Балалар мерекемізге қонаққа келген сияқты.

Музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.

Аяз-Ата: Амансыңдар ма, балалар?

Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің денсаулықтарың!

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы.

Жалт-жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын.

Месіз қыстың сәні жоқ,

Әнімін, жырмын, тақпақпын!

Аяз-ата: Ой, балалар шыршаларың қандай әдемі, керемет!

Ақшақар: Қандай керемет менің ұлпадай әппақ сіңілілерім келіп қалыпты, сендермен би билегім келіп тұр. Келіндер ортаға шығып би билейік.

Жүргізуші: Аяз ата сіз ұзақ жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз. Ал, ақшақар біздің аппақ қыздарымызбен би билеп көңіл көтерсін.

Би: «Ұлпа қарлар» (қыздар биден соң қарларды жерге шашып тастайды)

Ақшақар: Балалар қараңдарша айналамызда қаншама ұлпақарлар шашылып жатыр. Қанекей бәріміз қарларды жинап, шыршаның айналасын безендірейік!

Ойын: «Ұлпақарлар жинау»

Ойынның шарты: Балалар ұлпа қарларды жинап, шыршаның түбіне қояды.

Ақшақар: Жарайсыңдар балалар, бір сергіп қалдық. Ой, қандай керемет шырша!!! Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірақ шамдары жанбай тұрғой.? Келіндер балақайлар бірге шамдарын жағайық.

Ойын: «Шыршаның шамдарын жағу»

Ойынның шарты: Ақшақар балалармен қол соққанда шырша шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырша шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталау. (Ойынның шартын ақшақар түсіндіреді және ойнатады)

Жүргізуші: Қане балалар енді әдемі, әсем шыршамызға әнімізді арнайық.

Ән: «Кішкентай шыршамыз»

Жүргізуші: Балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Тақпақтар:

1. Амила Жаңа жылда жол болсын!

2. Қ.Әміре Әрбір үйде той болсын!

3. Медина Берекелі жыл болсын!

4. Арлан Ақ дастархан мол болсын!

Осы кезде Аяз ата ұйықтап шыршаның қасында отырады.

Ақшақар: Балалар қараңдар Аяз ата ұйықтап қалды. Ол алыстан келемін деп әбден шаршаған ғой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіндер жақындайық. Қанекей балалар Аяз атаны оятайық.

Ойын: «Аяз атаны ояту»

Ойынның шарты: Қане балалар қолымызды қатты соғып, аяғымызды топылдатайықшы аяз ата ұйықтап қалыпты. Алақанымызбен қаттырақ соғайық. (Ойын 3 рет қайталанады)

Аяз ата оянып кетеді

Жүргізуші: Келіндер балақайлар! Аяз атаны ортаға алып би билейік.

Би: «Аяз аталар биі»

Аяз- ата: Тамаша, керемет. Жарайсыңдар балалар бүгін сондай қуанышты мереке болды.

Ақшақар: Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

Аяз-ата: Жоқ мен ештеңе ұмытқаным жоқ. (ойланып). Балалар ән айтты, балалармен бірге шыршаның шамын жақтым, тақпақтарын тыңдадым, ойын-ойнадық. Жоқ ештеңе ұмытқаным жоқ.

Ақшақар: Балалар айтыңдаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

Балалар: Сыйлықтар!!!

Аяз ата: Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді ұмытып кетіппін ғой. Қане қызым Ақшақар алып кел сыйлықты.

Ақшақар: Ой Аяз ата мында біреу бар ғой. (артқа қарай шегінеді)

Жүргізуші: (жақындап) ой мында ұлу ғой отырған. Келе ғой ұлу, қорықпа мында біз жаңа жыл мерекесін тойлатып жатырмыз сен мында неге отырсың?

Ұлу: Мен ұлумын, ұлумын,

Өзім сондай сұлумын.

Мен тұрмын қуанып

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болып шаттанып.

Мен достарымызбен бірге мерекеге келе жатқанмын, Жаңа жыл кілтін Жыланға сеніп табыстап берейін деп, адасып кетіп осы шыршаның астына тығылып қалдым.

Жүргізуші: Ой! Жаңа жыл неге кешігіп жатыр екен, уақыт 12-ден асып кетіпті.

Аяз Ата: Жаңа жыл менің қасымда,

Қорықпа, апай аптықпа.

Жатыр мына қорапта,
Шығады қазір асықпа.

Сыбызғы үрлейді. Қорап ішінен жылан шығады.

Жылан: Біс-ыс ысылдаймын,
Мұныма еш қысылмаймын.
Қорғану үшін жауымнан,
Айбат шегіп ысылдаймын.
Жамандыққа қаспын,
Жақсылыққа жақпын.
Мен жаңа жылмын,
Мен жаңа нұрмын.
Нұрымды да себейін,
Жырымды да себейін.
Мен жаңа жылмын жыланмын!

Жүргізуші: Шынымен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Жаңа жыл жаңырқа, Ескі жыл есірке-демекші, ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұрған сияқты, ал, ұлужан сенімен де қоштасатын кез келіпті, біз саған ризамыз! Келесі кездескенше сау бол!

Ұлу: Бір жыл бойы сендермен
Бірге жүрдім ойнадым
Енді міне балалар
Кезек келді қоштасар!
Сау болыңдар балалар!

Аяз ата: Міне енді дұрыс болды. Біздің балалар өте зерек, қонақжай. Олай болса, қане Ақшақар қызым, енді шыршаның түбіндегі сыйлықты алып келе қойшы. (Ақшақар шыршаның түбінде жатқан үлкен сыйлықты алып келеді.)

Ақшақар: Қараңдаршы балалар, Аяз ата сендерге қандай керемет сыйлықтар алып келген. Жаңа жыл деген таңғажайыпқа толы мереке ғой! Барлық адамдар бұл мерекені жақсы көреді. (қапшықтың ішін ашады, сыйлықтар шығады.)

Аяз ата- Ал,кәне,балалар,
Сендерге сыйлығым бар,
Аталарыңның сыйлығын
Қуанып қабыл алыңдар!

Жүргізуші: Біз өнерлі баламыз,
Ертең-ақ өсіп толамыз.
Атамыздың сыйлығын,
Рахмет айтып аламыз.

Бәрі бірге: РАХМЕТ!

Аяз ата: Ал, балаларым тағыда Жаңа жыл құтты болсын! Енді біздің де қайтатын уақытымыз болып қалды. Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болыңдар!

Балалар: Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Би-биледік, жыр-жырладық,
Қызығына тоймадық.
Достарменен ойнадық,
Жаңа жылды думандатып

тойладық!

Ал, құрметті қонақтар осымен «Қош келдің Жаңа жыл!» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі мерекеде кездескенше қош-сау болыңыздар!



Алматы қаласы, Әуезов ауданы
КМҚК «№190 бөбекжай-балабақшасы»
Тәрбиеші, педагог-модератор
Қызайбек Малика Ербосынқызы



«ДОСТЫҚ МЕРЕКЕСІ»

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Шығармашылық

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азияма

белуга тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.

Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, DVD, теледидар, сурет салу құралдары.

Мотивациялық қозғаушы:

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілі.

- Дұрыс айтасындар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.

- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?

- Қазақ

- Біз қай тілде сөйлесеміз?

- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Қане балалар бәріміз экранға қарайық.

1 – слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.

2 – слайд: Экраннан Елбасы құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)

Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Қазалы халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.
- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.
- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?
- Тіктөртбұрышқа
- Түсі қандай болады?
- Көк болады.
- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?
- Домалақ, сопақша.
- Түстері қандай болады?
- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарындағы қағазға өздеріне ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады)

Сергіту сәті: Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,
Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)

Рефлексивті коррекциялаушы:

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ұрыс, ырысты қашырап

Ынтымақ, халықты асырап.

Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау. Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер. Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.

Күтілетін нәтиже:

Білуі; Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.

Меңгеруі: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді

Игеруі: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.



Алматы қаласы, Әуезов ауданы
КМҚК «№190 бөбекжай-балабақшасы»
Тәрбиеші
Сағымбек Айдана Сәтжанқызы



«АНА – ӨМІР ШУАҒЫ!»

Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжітпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Балалар залға музыка әуенімен кіреді.

Жүргізуші:

Бүгін наурыздың 8 – і,

Сұлулықтың негізі.

Әдемі сөз адамның,

Анаға айтар лебізі.

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

Жүргізуші: Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай Аналар күні!

Қәне, балалар бәріміз бірге аналарымызға арнап ән айтып берейік.

Ән: «Көп жаса, Анашым!»

Жүрг: Сонымен қатар, біздің балалар ән айтып қана қоймай, аналар мерекесіне орай тақпақтар дайындап қойыпты.

Асылай:

Ана-біздің күніміз,

Ана-біздің гүліміз.

Бізді ана қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз!

Дәурен:

Құлпырған гүлдей,

Көктемгі күндей.

Жылулық маған,

Төгесің үзбей.

Аруна:

Ақылшымыз данашым,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Айналайын анашым,

Алдымызда аман жүріңіз!

Диас:

Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым!

Сафи-Мариям:

Айтқан сөзін тыңдаймын,
Анашымды сыйлаймын.

Алан:

Жүрг: Ой балалар... бізге кім келіп қалды?

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қалдарың қалай?

Жүрг: Сәлеметсің бе! Жақсы бауырсақ.

Бауырсақ: жылайды..

Жүрг: неге жыладың бауырсақ?

Бауырсақ: Бүгін әжелер мен аналардың мерекесі ғой. Соған гүл іздеймін деп адасып кеттім. Не гүл жинай алмадым, жолданда адастым.

Жүрг: Бауырсақ сен уайымдама! Бізде бүгін көктем мерекесі болып жатыр еді. Сен бізбен тойла, ал біз саған көмектесеміз. Ал, балалар, қалай көмектесек болады? ААА... таптым, балалар мүмкін үйге жолды

ҚОЯН білетін шығар. Ал қоянды шақырайықшы..

Балалар: қоян 3 рет...

Қоян: Секіріп келеді..Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қандай дәмді иіс шығып тұр.

Жүрг: Қоян бізге сенің көмегің керек болып тұр? Бауырсақ үйіне қайтар жолды білмей жатыр. Сен білесің бе?

Қоян: Ой бауырсақ мен жолды білмеймін.

Бауырсақ: Жылайды..енді қалай табам..

Қоян: Жылама бауырсақ апанды табамыз оданда сен бізбен билеп ал, көңілің көтеріледі.

Жүрг: Дұрыс айтасың қоян билесек билейік. Біздің балалар саған арнап бауырсақ биін дайындап қойған.

Би: «Бауырсақ биі»

Қоян: тамаша, жақсы биледі екенсіңдер ғой. Балалар мүмкін бауырсақтың тағы көңілін көтеру үшін ойын ойнап береміз. Олай болса, ойынды ата-аналармен ойнасақ.

Ойын: «Дауысынан анаңды тап!»

Бауырсақ: Рақмет сендерге балалар! Менде әжемді, анамды сағынып кеттім.

Жүрг: Бауырсақ біздің балалар тағы да анасына, әжесіне арнап **тақпақтар** жаттап келген. Сен өзіңе ұнағанын тандап жаттап алып, айтып берерсің.

Бауырсақ: Тамаша балақайлар! Мен сендердің тақпақтарыңды әжеме айтып беремін.

Қоян: Басын қасып тұрып мүмкін аюға барайық. Мүмкін, сол көмектесетін шығар?

(Аю залда ұйықтап жатады.)

Барлығы аю тұршы....

Аю: Оянбайды.

Бауырсақ: Аю қатты ұйқыға кеткен ғой. Аю тұрмайды не істейміз?

Жүрг: Біз ән шырқап берейік, сонда тұрып қалар!

Барлығы аю тұршы....бетінді жушы.

Аю: Оянады...Кім мені оятқан неге мені мазалайсыңдар? Ааа.....

Қоян: Аю сенің көмегің керек болып тұр? Бауырсақ апасынан адасып қалыпты, үйіне жол таба алмай жүрміз?

Аю: Бауырсақ ісінаааай.... менің қарным ашып тұр еді...жақсы болды ғой....

Жүрг: Жоқққ аю бауырсақты жеме...оған оданда көмектес..

Аю: Жарайды көмектесемін, бірақ мен ұзақ ұйықтадым бір серігіп алсам деймін...

Жүрг: Аю, онда біздің балақайлар саған би билеп берсін.

Би: «Көңілді би»

Аю: Мен жолды білмеймін, бірақ, кім білетінін білемін...даланы жылытып, күн шығатын ,қар еритін мезгілдің иесі **КӨКТЕМ** көмек берер. Шақырамызба?

Ортаға көктем кіреді сыйлықтарымен..музыкамен...

Көктем: Сәлеметсіздер ме, мені шақырдыңдарма, менің кішкентай достарым?

Барлығы: Шақырдық.

Жүрг: Ия, Көктем бауырсағымыз үйіне жол таппай, бәріміз жиналып қалдық.

Көктем: Әрине... жолды білемін. Бауырсақтың апасын іздеп жүргенінде естідім, бүгін аналарымыздың, әжелеріміздің мерекесі. Бауырсақ сен гүл жинадыңба?

Жүрг: Көктем, біз жинап берсек бола ма?

Көктем: Әрине, болады.

Ойын: «Түстеріне қарай гүл жинау»

Көктем: Достарым, сендерге көп рақмет!

Бауырсақ: Рақмет сендерге, қатты риза болдым сендерге, менің көңілімді табуға көп көмектерің тиді.

Көктем: Жарайсыңдар балақайлар, ал сендер аналарыңа көмектесіңдер жарай ма?

Жүрг: Әрине, көктем біз саған **тақпақ** айтып берсек деп едік?

Көктем: ООО... мен қуана-қуана тыңдаймын.

Нәби:

Көктем келді, алақай!

Қуанар барлық балақай.

Көктемде жаңбыр болады,

Бақшаға гүлдер толады.

Тоғжан:

Көктем келді, күн шығып,

Айлар, күндер тұр күліп.

Тура анам секілді,

Мейірімді боп тұр күліп.

Мерей:

Көктем күні керемет,

Жаңбыр жауар себелеп.

Күн ашылса болғаны,

Көлбеңдейді көбелек.

Жүрг: Көктем көктем мезгілінде жиі-жиі жаңбыр жауады емеспе еді?

Көктем: Иәәә көп жаңбыр жауады. Бүгінде жаңбыр жауғалы тұрған сияқты ғой. Ауа – райы құбылмалы болып тұр.

Бауырсақ: мааааа.... мен су болып қалатын болдым ғой. Енді қайттым..

Жүрг: Сендер уайымдамаңдар бізде қолшатыр бар ғой. Қолшатыр биін тамашалаңыздар.

Би: «Қолшатыр» биі

Көктем: Рақмет достарым! Ал, сендер мен туралы ән білесіңдер ме?

Жүрг: Әрине, біз сен туралы әнде білеміз.

Ән: «Көктемде, көктемде....»

Көктем: Керемет балалар, сендер менің көңілімді көтеріп тастадыңдар. Ал достарым жолға шығайық бауырсақты үйіне апасына апарайық.

Бауырсақ: Рақмет сендерге сендерден көп нәрсе үйрендім. Ал, мына гүлдерді әжеме апарып сыйлайын.

Аю, Қоян: бізде жолға шығайық.. апасы уайымдап отырған болар тездетейік.

Сау болыңдар балақайлар!

Жүрг: Сау болыңдар!!!

Міне бүгінгі ертеңгілігімізде аяқталып қалды. Аналарыңа, әжелеріңе өз қолымен жасаған сыйлықтарыңды беретін сәтте келді. Балалар аналарына сыйлықтарын ұсынады. Осымен кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!



Алматы қаласы, Әуезов ауданы
КМҚК «№190 бөбекжай-балабақшасы»
Тәрбиеші
Ильясова Мадина Карсыбаевна



«МЕРЕКЕҢМЕН АНАШЫМ!»

Музыка залы әсем безендірілген. Балалар залға музыка әуенімен кіреді.

Жүргізуші: Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Қымбатты аналар, Ақ жаулықты әжелер, құрметті қонақтар! Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8-наурыз -Аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін!

Ән: «Анашым»

Ішке әуен ырғағымен Көбелек кіреді.

Көбелек: Мына гүлдердің әдемісін-ай! Иісін-ай өздерінің! Көктем қандай тамаша мезгіл!

Жүргізуші: Көктем келіп, бізге әдемі көбелекте ұшып келіп қалыпты. Сілеметсіңбе, Көбелек!

Көбелек: Сәлеметсің бе! Балалар айтыңдаршы бүгін аналардың мерекесі ғой иә? Мен анама мына әсем гүлдерді сыласам ба екен? Дұрыс па балалар?

Жүргізуші: Көбелек сен өзің де гүл сияқты әдемісің ғой, гүлден-гүлге қонып әдемі сұлулығыңмен табиғатымызға ісем бересің.

Көбелек: Мен мына жерде өзіме ұқсаған кішкентай сұлу көбелектерімді көріптұрмын. Осы кішкентай көбелектерім менімен бірге би билеуге келіседі мекен?

Би «Көбелектер» қыздардың орындауында.

Жүргізуші: Біздің балапандарымыз аналарына арнған тақпақтарын айтып берсін.

Тақпақ:

Сафина Ана біздің күніміз, Ана біздің гүліміз.

Аруна Бізді ана қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Томирис Аялы алақан,
Өлпештеген өсірген.
Аяулы жан анам,
Қатемді кешірген.

Әмір Менің анам ардақты,
Алтыннан да салмақты.

Алихан Анашым жүрегім,
Өмірлік тірегім.

Мухаммад Ана деген керемет,
Сыйлап жүру керек.

Айерке Бұл өмірде жан ана,
Тең келеді кім саған.

Көбелек: Рахмет сендерге балалар! Қандай өнерлі екендеріңді көрсетіңдер! Ой, мен анашыма гүл жинауды ұмытып кетіпін ғой! Сендер маған гүл жинауға көмектесесіңдер ме?

Ойын: «Гүл жинау»

Шарты: Жерде өсіп тұрған гүлдерді, музыка ырғағымен себетке жинау.

Көбелек: Көп рахмет сендерге, мен анама сылығымды сылап мекекесімен құттықтауға кеттім. Келесі кездескенше сау болыңдар!

Музыка ырғағымен Көктем аруы кіреді.

Көктем аруы: Мен көктеммін!

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Мен көктеммін!
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ін бұл залда.
Мерекемен құттықтағым келеді.
Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Көктем! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған! Төрлет, ән тыңдап демінді ал.

Ән: «Анашым»

Көктем аруы: Байқаймын мында сұлу ержүрек жігіттеріміз де өнерін көрсеткісі келіп отырған сияқты?!

Жүргізуші: Дұрыс айтасың Көктем аруы! Біздің жігіттеріміз сізге, қонақтарға арнап би билегісі келіп тұр.

Би: «Джентелмендер» ұлдардың орындауында.

Жүргізуші: Көктем аруы біздің балалапандарымыз билеп, ән айтып қана қоймай тақпақтар да айта алады. Тыңдап көр!

Тақпақ

Дамели Мен анамды сүемін,
Сөзін ойға түейемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Айя Әжем менің қымбатты,
Бәрінен де сымбатты.

Айым Менің әжем гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем.

Сафи Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Ауырмашы ай іжем!

Амила Әр сөзінді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам!

Медина Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден,
Аналарға сылаймыз!

Айсана Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Келесі құттықтау сөз кезегін балабақша меңгерушісі Мошекенова Айман Русланқызына беріледі.

Жүргізуші: Осымен біздің кіші «Ботақан» тобының «Мерекеңмен Анашым!» атты ертеңгілігі аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, «Ботақан» тобының балапандары мен тәрбиешілерінің сіздерге арналған тосын сыйы бар, қабыл алыңыздар!

**Атырау облысы, Исатай ауданы
«Жалпы білім беретін Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Әділбаева Тұрдыгүл Әділбайқызы**



ЕЛ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН МӘШҲҮР ЖҮСІП

*Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып,
біздің дәуірімізге жеткізген еңбек
Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек...
Мұхтар Әуезов*

Қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – маңдайына біткен талантты перзенттерін қадірлей, қастерлей білуі. Олар қалдырған жәдігерлерді жас ұрпақтың санасына сіңіріп, оны ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің гуманистік үдерістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыруымыз қажет.

Өздеріңізге белгілі Мәшһүр он бес жасынан ақындық атағын алып, қазақ өлкелерінің әр жерінен өлеңмен жазып жіберген мақтаулар алады. Өзінің бір хатында: «Жас күнімізде жыршы болып ел аузына шыққан соң, Көкшетаудағы Ақан серіні көру өзімнің детілегім, ойым еді. Ақан сері жігіт көркі, сөздің бұлбұлы еді. Ол сапарымда Атбасар, Ұлытау, Сарысу бойын мекендейтін Бағаналы, Балталы арасында болып, Есіл бойын жайлайтын қыпшақтарды араладым», – дейді.

Мәшһүр жігіт болған күннен «Жаһанкез», «Саяқ» аталып, ел аралап, жер-суды тануды өзіне мақсат көрген. «Үш жүздің баласында бармаған жерім жоқ», – дейді. Міне мұндағы ғалымның мақсаты, жер аралап жүріп қазақ халқының дәстүрін, салтын, мәдени мұраларын жан-жақты тереңнен зерттеп, зерделеп мол мағлұмат жинаған.

1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесе әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері Баһадүрдың «Шежіресі» өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жердегі ақын-жыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін жазып алып отырады. Ғалымның жазып қалдырған әдебиет мұралары өте бай, әрі мазмұны терең келеді. Ол көбінесе ел тұрмысын жырлайтын, кедей кепшіктің мұңын жоқтаған нағыз халықтың ақыны болады.

Мәшһүр Жүсіп ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, фарсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан хабардар болған. Ғалымның бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары және араб, фарсы, түрік кітаптары әсер етті. Ғалым өз заманындағы тарихи тұлғалармен өте тығыз қарым-қатынаста болып, солар туралы артында көп мұра қалдырды.

Қай халықта болмасын ежелден сақтап, құрмет тұтатын бас мәдени мұрасының бірі – фольклор. Осы ғылыми салаға үлкен үлес қосқандар Ш. Уәлиханов, В. Радлов пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ерен еңбектері жоғары бағаланады.

Мәшһүр Жүсіптің халқымыздың фольклорын жинаушылық және жариялаушылық еңбектері – фольклор ғылымының бастауы болып табылады. Оның жинақтаған еңбектерінің, яғни, фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыздар мен әңгімелер. Әсіресе, жер-су аттары аңыз болып жетті. Мәшһүр Жүсіп еңбегінің маңыздылығы – ол көп жылдық тәжірибеге сүйеніп, халық аузындағы дүниелерді,

халықтық үлгілерді хатқа түсіріп, жазып алу әдісін қалыптастырғандығында.

Қазақтың фольклорлық шығармасын жинауда фольклортану ғылымының жасаған жұмысы ұшан-теңіз. Халық поэзиясының түрлі саласында: тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары, сондай-ақ, ауыз әдебиетінің алуан жанрлары – өлең-жыр, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерінен де мол материалдар жинақталды.

Мәшһүр Жүсіптің фольклортанушы ретіндегі баға жетпес құнды еңбектерін жаңа ғасырдағы жас ұрпақтың жадында жаңғырту, дәріптеу, дамыту жұмыстарының жаңғыра бастағаны қазақ үшін, қазақтың болашағы үшін ең керекті маңызды мәселе екені даусыз.

Қазіргі жаһандану заманында, ақты – ақ, қараны – қара деп көрсететін шығармаларды талдау өзекті болып отыр. Өйткені, заман ағымы көп тіл білуді талап етіп, көптеген әлем елдері мәдениеттерімен танысуға жол ашып, шет елдермен мәдени, ғылыми байланыстар күшейіп отыр. Өзіміздің рухани, мәдени құндылықтарымызды тарихпен, тілмен, дінмен байланыстыру – ұлттық болмысыздың қазығын мығымдауға апаратын бірден-бір жол. Бұған ел ішіндегі «қазақ айтқан», «Абай айтқан», «Шәкәрім айтқан» т.б. сөздер дәлел бола алады. Осы орайда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы педагогикалық және психологиялық ой байлауларының, тіл, жер, тарих туралы айтылған сөздерін жіктеп, қазақ елінің танымын тарихқа байлап, ұлттық болмысымыздың көрінісін айшықтау өте маңызды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиетіне қосқан үлесі өте мол. Осы айтқанымыздан бөлек, басқа да батырлар жырын, өлең-дастандар, жоқтау өлеңдері, өгірік өлең, халық өлеңдері, жаңылтпаштар, мысал-аңыз үлгілерін де жинақтаған. Осындай өмірі шығармашылыққа толы Мәшһүр атаның көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналғаны белгілі.

Насихатқа толы өлеңдері біздің жанымызды тебіrentіп қана қоймай, рух сыйлайды. Бүгінгі күніміздің жарқын болуына көптеген ақын-жазушыларымыз өз ықпалын тигізсе де, Мәшһүр атамның еңбектерінің орны бөлек. Ел қамын елден бұрын ойлаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осынау еңбектеріне бір тағзым. Мәшһүрдің шығармашылығын зерделей келе «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы философиялық түйін» тақырыбындағы таңдау пәнінен авторлық бағдарлама жазып, бағдарламаны жүзеге асыру барысында «Мәшһүр Жүсіптің мысал-өлеңдеріндегі философиялық түйін» тақырыбында шәкіртім Мұғау Шахризада Қайратқызы ІІ ші Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» «Бас болып өнер білсен, тіпті жақсы» бөлімі ғылыми жоба бағытында ІІІ орын иемденді.

Қазақ әдебиетінде өшпеш із қалдырған саңлақтарымызды зерттеу жалғасын табары сөзсіз. Бізде сол сапта еңбек етіп ұлы бабамыздың құнды мұраларын дәріптеу міндетіміз деп білемін.



**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының “Жангелдин ауданы білім бөлімінің
Жангелдин жалпы білім беретін мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Ғайып Гүлім Жаңабергенқызы**



БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация: Бұл мақалада бастауыш сыныптарда білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы мен тиімділігі қарастырылады. Білім беру саласындағы инновациялық технологиялар оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырып, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар арқылы мұғалімдер оқу материалдарын түрлендіріп, оқушылардың білім алуын жеңілдете алады. Мақалада білім беру үрдісінде қолданылатын негізгі технологиялар сипатталып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері талданады.

Кілт сөздер: Бастауыш білім, жаңа технологиялар, инновациялық оқыту, цифрлық білім беру, интерактивті әдістер, АКТ.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы білім беру саласындағы өзгерістерді талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы білім беруді жаңартудың басты факторына айналды. Әсіресе, бастауыш сыныптарда жаңа технологияларды қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіру мақсатында қолданылатын жаңа технологиялар талданады.

Жаңа технологиялардың білім беру үрдісіндегі рөлі. Қазіргі білім беру жүйесі жаңа технологияларсыз мүмкін емес. Жаңа технологиялар оқу процесін жандандырып, білім беру сапасын жақсартуға және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, бастауыш сыныптарда қолданылатын инновациялық технологиялар баланың оқу материалын терең түсінуіне, өзіндік ізденіс дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жаңа технологиялардың бастауыш білім беру үрдісіндегі маңызын бірнеше негізгі бағыт бойынша қарастыруға болады:

Білім алушылардың белсенділігін арттыру. Дәстүрлі оқыту әдістерінде оқушылардың рөлі көбіне тыңдаушы немесе мұғалімнің айтқанын орындаушы ретінде шектеліп қалатын болса, жаңа технологияларды қолдану олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Интерактивті тақталар, онлайн оқыту платформалары және ойын технологиялары сабаққа деген қызығушылықты арттырып, оқушыларды білім алуға ынталандырады.

Ақпараттың қолжетімділігі мен жаңашылдығы. Цифрлық технологиялар арқылы оқушылар кез келген уақытта қажетті оқу материалдарына қол жеткізе алады. Ғаламтор мен электронды білім беру платформалары сабақтан тыс уақытта да қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи технологиялар оқытушылардың жаңартылған, өзекті ақпараттарды пайдалануына жағдай жасайды.

Білім беру процесінің жекеленуі. Жаңа технологиялар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану арқылы әр баланың оқу деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға болады. Бұл әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында маңызды, себебі қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы бағдарламалар жасақталып, олардың білім алуына ыңғайлы орта құруға көмектеседі.

Оқыту әдістерінің әртүрлілігі және шығармашылық дамыту

Білім беру технологиялары оқыту әдістерінің ауқымын кеңейтеді. Мысалы:

- Интерактивті тақталар мен мультимедиялық құралдар сабақты көрнекі және қызықты етеді.
- Ойын технологиялары мен симуляцияларды пайдалану арқылы баланың қиялы мен шығармашылық қабілеті дамиды.
- Виртуалды зертханалар мен толықтырылған шындық технологиялары ғылыми пәндерді меңгеруді жеңілдетеді.

Оқытудың тиімділігі мен уақыт үнемдеу

Жаңа технологиялар мұғалімдерге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Мысалы, электрондық күнделіктер, автоматтандырылған бағалау жүйелері, онлайн тесттер мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ жоспарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, технологияларды дұрыс пайдалану оқушылардың оқу материалын жылдам әрі сапалы меңгеруіне жағдай жасайды.

Қашықтан оқыту мүмкіндіктері

Жаңа технологиялар әсіресе қашықтан білім беруді дамытуда ерекше маңызға ие. Цифрлық білім беру платформалары мен онлайн оқыту құралдары оқушылардың үйде отырып та сапалы білім алуына жағдай жасайды. Бұл әсіресе пандемия кезіндегі қашықтан оқыту тәжірибесінде айқын көрінді.

Оқушылардың өз бетінше білім алуына ықпал ету

Жас маман мұғалімдермен тіл табысуы өте қиын, онда қалай жасау керектігін білмейді, себебі олармен ара-қашықтықты сақтау керектігін, не болмаса достасудың жолын іздейді. Жас маман ұжымдағы жағдаяттардың себебінен бірнеше топқа бөлініп кеткен мұғалімдерге қарсы бола алмай тұрады. Жас маман үшін бұл өте қиынға соғады.

Жас маман дипломатиялық қарым-қатынаста тәуелсіз мектеп әкімшілігімен жұмыс жасағысы келеді. Мектеп әкімшілігімен ешқандай қиын жағдайға бармау үшін әкімшілікпен кәсіби білімділігімен үлкен өмірлік тәжірибесімен жұмыс жасауы ықтимал. Соның үшін жас маманның тәжірибесі осы деңгейге жетпейді, қиыншылықтар осыдан туындайды.

Жас маманның кәсіби жалғыздықтағы күйзелісі:

Өзінің мамандарының арасынан кеткен соң, өзі сияқты диалогтары ұштасып тұратын, өзі сияқты ойлары қатар келетін, өте ыңғайлы тәжірибелі психологтармен бөлініп кеткен соң, мұғалімдермен тіл табысу өте қиынға соғады. Мектепке келген жас маман жалғыз күйзеліске түсуі мүмкін. Жас маманның үлкен жолға қадам басқаны осы тараптан білінеді, яғни ол үлкен өмірге жолын бастады. Жас маман мектептегі өз уақытын, күшін, білімін отбасындағы міндеттерін сауатты қолданбаса оның жұмысында, отбасында күрделі қиындықтар туындауы мүмкін.

Жас маман мұғалім тұлғасына еніп тренинг, кеңес беру, әңгімелесу барысында ата-аналармен қарым-қатынас орната алады. Мектеп мұғалімі өзінің кәсіби бағытын психолог мамандығына өзгертсе, онда ол психологиялық білімді, біліктілікті арттыру курстарына білімін көтеру мақсатында, әрі тәжірибелі психологтармен қарым-қатынас орнатып, өздігімен оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынасты орнатуы керек. Жас маманның кәсібінде қиыншылық сынақтарымен ойландырып жүргенде, әкімшілік тарапынан өз талаптарын сұрап отырады. Егер жас маман психолог не істейтін білмей жүргенде, қазіргі таңда бәрі өзгерді психолог кәсібі танымалды, абыройлы беделді кәсіпке айналып отыр.

Психологтың міндеті- мұғалімдердің мектеп оқушыларының, ата-аналардың әр түрлі топтарында қандай үміттер қалыптасатынын нақты анықтау және мектептің әлеуметтік-психологиялық күту картасын жасау. Психологтың жұмысына қатысты белгілі бір үміттерді білдірген топты немесе жеке адамдарды бөліп көрсету маңызды. Осы мақсатта сауалнама және сұхбат түрінде арнайы әлеуметтік-психологиялық зерттеу жүргізу қажет. Психолог сауалнама әдісін таңдайтын болса, ол біз мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге ата-аналарға және оқушыларға әзірлеген сауалнама нысандарын пайдалана алады.

Психолог жеке әңгімелесу барысында адамдардың сол немесе басқа пікіріне және олардың психологияға қатынасына әсер объективті және субъективті себептерді де ашып көрсетеді.

Осылайша, мектептің күту жырларын әлеуметтік – психологиялық зерттеудің нәтижесінде пікірлердің, көзқарастардың бағалаулардың, көзқарастардың және күтудің түрлі-түсті спектрін шарлауды ғана емес, сонымен қатар күрделі жүйеде де бастайды. Мектеп жүйесіндегі адами қарым-қатынастар, жалпы мектептік қарым-қатынас психологиясы және оның ішінде психология.

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ю.А.Гагарин атындағы №1 Күршім орта мектебі» КММ
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Орынбаева Акмарал Нурлановна**



РАЗВИТИЕ АНАЛИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Школьное образование должно заложить базовые основы общего умственного развития детей, которые создали бы условия для воспитания самостоятельно мыслящего, критично оценивающего свои действия человек, который мог бы сопоставлять, сравнивать, выдвигать несколько способов решения проблемы, выделять главное и делать обобщенные выводы при изучении грамотности письма и анализирования литературного чтения.

Освоение и оперирование аналитическими способностями является одним из важнейших условий, обеспечивающих качественный процесс обучения в школе. Аналитические способности, как и всякие другие, можно развивать, вырабатывая в себе определенные навыки и умения, а главное – привычку думать самостоятельно, находить необычные пути к верному решению, что немаловажно для изучения русского языка.

В ряду способностей (коммуникативных, речевых, творческих, исполнительских и т.д.) аналитические способности занимают одно из первых мест и играют ведущую роль в развитии личности школьника.

На уроках русского языка аналитические способности учащихся необходимо развивать систематически. Применяя разные способы построение учебного процесса.

Аналитические умения – это профессионально-методические умения второго порядка, которые могут быть сформированы только на базе опознавательных и призваны вооружить будущего учителя способностью не только правильно называть те или иные методические явления, пользуясь метаязыком науки, но и устанавливать связи между ними, оценивать методическую целесообразность этих связей. В состав аналитических способностей, включаются умения анализировать функции, содержание, связи структурных элементов урока русского языка, оценивать методическую целесообразность избранного пути познания нового языкового материала, судить о степени эффективности предложенной учителем системы методов формирования умений определенного типа и вида.

Развитие аналитических способностей учащихся при изучении грамматики реализуется в процессе овладения грамматическими значениями. При обучении грамматике развивается грамматическое мышление как компонент интеллектуального развития.

Необходима такая система изучения грамматики, которая позволила бы обучаемому выйти на новый уровень мышления благодаря формированию лингвистического мышления при соотнесении грамматической формы речи с грамматическим содержанием. По поводу этого Л.С. Выготский писал: «В речи мы формулируем мысль, и, формулируя её, мы сплошь и – рядом её формируем. Иными словами, наблюдается обратное воздействие речи на мышление. Этому способствуют отработанные, отшлифованные многими поколениями формы языка – синтаксические структуры, морфологические формы, словообразовательные модели, стилистические фигуры».

Понимание учащимися грамматических материл значений является основой аналитических способностей на уроках русского языка. Это отмечает А.В. Текучев, «при серьезных и длительных занятиях грамматикой у учащихся постепенно развивается специфическое, так называемое

«грамматическое» мышление, которое является результатом и отражением, и средством развития мышления логического».

Недопонимание многих языковых значений учащимися влечет за собой задержку в их интеллектуальном развитии, и объясняется это тем, что не всегда уделяется достаточное внимание объему содержания грамматических понятий. Во многих случаях имеет место непонимание школьниками теоретического материала.

Методы и приемы, отвечающие принципам развития аналитических способностей, включают работы логического характера: сопоставление, анализ, синтез, отвлечение.

Важную роль также играет самостоятельная умственная деятельность учащихся. Она должна быть разнообразной и соответствовать поисковой деятельности обучаемого. Ученые-методисты (М.Т. Баранов, Т.К. Донская, А.Ю. Купалова, Т.В. Напольнова) отмечают, что школьников надо учить приемам познавательной деятельности, которая развивает стремление к добыванию знаний.

Анализируя особенности аналитических способностей обучающихся, К.Д. Ушинский отмечал, что «самостоятельные мысли, вытекают из самостоятельного, приобретения знаний» и «самостоятельность головы учащегося – единственно прочное основание всякого плодотворного учения».

Чтобы помочь школьнику обеспечить своевременное развитие аналитических способностей, очень важно организовать учебно-воспитательный процесс таким образом, чтобы на уроках русского языка предлагались игры, задания и упражнения, которые способствовали бы формированию логического мышления. Для создания на уроках атмосферы поиска, для развития системного мышления большая роль отводится нестандартным урокам: урокам-сказкам, урокам-путешествиям, урокам-играм, урокам-праздникам.

Активизировать мыслительную деятельность помогают упражнения, игры развивающего характера. Всегда можно выявить силу возникшего интереса к учебному предмету, она выражается в той настойчивости, которую проявляют ученики в процессе решения различных заданий, связанных с разрешением проблем. Логические упражнения, развивающие аналитические способности представляют собой одно из средств, с помощью которого происходит развитие у детей правильного мышления. Там, где организуется опыт самостоятельного обобщения, происходит интенсивное развитие самостоятельного мышления, умения применить полученные знания в новой или нестандартной ситуации. Результатом такой работы является повышение мотивации к изучению русского языка.

Большое значение на всех этапах обучения имеет развитие речи. Целенаправленное обучение связной речи в устной и письменной форме проводится в виде различных упражнений. Большое значение имеют синтаксические упражнения, аналитическая работа с различными текстами, их составление и обсуждение, выработка композиционных умений. Занимаясь группировкой, ученик встречается со многими словами, в которых он должен опознать несколько орфограмм, предложить несколько вариантов ответа и одновременно осмыслить связи между отдельными языковыми явлениями.

Таким образом, на уроках русского языка должны закладываться базовые основы общего умственного развития детей, которые создали бы условия для воспитания самостоятельно мыслящего, критично оценивающего свои действия человек, который мог бы сопоставлять, сравнивать, выдвигать несколько способов решения проблемы, выделять главное и делать обобщенные выводы, а также применять знания в нестандартных условиях. Необходимым условием интеллектуальной грамотности такого человека является овладение аналитическими способностями еще в школе.

Использованные литературы:

1. Сабитова З.К. Учебник по русскому языку: ответы и вызовы XXI века // XIV Конгресс МАПРЯЛ «Русское слово в многоязычном мире». Нур-Султан, 2019. – с. 113-120;
2. Бахарева С. Развитие критического мышления через чтение и письмо. Учебно-методическое пособие. Новосибирск, 2011;
3. Зязюн И. А. Совершенствование профессионального развития личности на основе технологизации образования // Школьные технологии, 2016. № 1.

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай селосы, Амангелді ауылы
"Амангелді орта мектебі " КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Қамиева Айдана Аманқосқызы**



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПӘНІНІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бастауыш сынып-бұл баланың өміріндегі өзіндік, түбегейлі жаңа кезең: білім беру мекемесінде жүйелі оқыту басталады, оның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу аясы кеңейеді, әлеуметтік мәртебесі өзгереді және өзін-өзі көрсету қажеттілігі артады.

Бастауыш сынып жасында белгілі бір пәнге деген тұрақты қызығушылықтар мен бейімділіктер қалыптасады, дәл осы кезеңде математиканың тартымды жақтарын ашуға тырысу керек. Оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын, сондай-ақ сабақ бойы белсенділігін қолдау үшін мұғалім оқушылардың оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруы керек (жаңа ақпараттық технологияларды, сыни ойлауды дамыту әдістерін және т.б. қолдану).

Жаңа буынның мемлекеттік білім беру стандарты мұғалімнен оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуды, әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруды талап етеді. Математикалық білім берудің қазіргі тұжырымдамасына сәйкес оның маңызды мақсаты "Оқушылардың интеллектуалды дамуы, математикалық іс-әрекетке тән және адамға қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажет ойлау қасиеттерін қалыптастыру" болып табылады.

Математика-бастауыш сыныпта оқитын маңызды пәндердің бірі. Бұл оқушылардың ойлауын, логикасын дамытуға көмектеседі, сонымен қатар есептеу дағдыларын қалыптастырады. Көбінесе бұл пәнді зерттеу ғана емес, сонымен қатар оқыту қиынға соғады. Математиканы оқыту оқушылардың оқу қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

- а) бастауыш сынып оқушыларының математикалық дамуы;
- б) бастапқы математикалық білімді қалыптастыру;
- в) оқытудың бастапқы кезеңінен бастап математикаға, ақыл-ой қызметіне қызығушылықты тәрбиелеу.

Осы пәнді оқудың бастапқы кезеңінде үйренген білім математиканы одан әрі зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар басқа мектеп пәндері үшін де, ересек өмірдегі көптеген практикалық мәселелерді шешу үшін қажет болады.

Математиканы 1-4 сыныптар аралығында оқыту кезеңінде келесі мәселелерді шешу қажет:

- 1) оқушылардың өзіндік зияткерлік қызметінің элементтерін қалыптастыру;
- 2) логикалық, интеллектуалды ойлауды дамыту;
- 3) кеңістіктік қиялды дамыту;
- 4) математикалық сөйлеуді дамыту;
- 5) сыни ойлауды дамыту.

Осы тапсырмаларды шешу барысында оқушылар әлемді танудың математикалық тәсілдерінің әмбебаптығын түсінеді, бастапқы математикалық білімді, математиканың қоршаған әлеммен және басқа да мектеп пәндерімен байланысын меңгереді. Математиканы оқыту әдістемесі үш сұраққа жауап беруге арналған: Неге математиканы оқыту керек? Нені зерттеу керек? Математиканы қалай оқыту керек?

Математиканы оқытудың ғылыми принципі оқыту әдістерінен тұрады, бір жағынан математиканың ғылым ретіндегі талаптары мен заңдылықтары, екінші жағынан, бұл математика мұғалімі оқушыларды осы фактілермен таныстырып, олардың білім беру процестерінде бүгінгі ғылыми негізделген математикалық құбылыстарды қалыптастыруы керек дегенді білдіреді. Математиканы оқыту одан әрі дамуға, мазмұнды кеңейтуге және байытуға және математиканы табиғи түрде жалғастыруға мүмкіндік беретіндей болуы керек.

Бастапқы оқытуда индуктивті-дедуктивті әдіс ең тиімді болып табылады, онда нақты жағдайларды (тапсырмаларды, өрнектерді) қарастырудан жалпы тұжырымдар мен ережелерге көшу жүзеге асырылады, содан кейін басқа жеке фактілер жалпы ережелер негізінде түсініледі. Мысалы, индуктивті түрде есептің түрі туралы түсінік қалыптасады: оқушылар осы түрдің бірқатар мәселелерін шешеді, оларда маңызды, типтік болып табылады. Содан кейін, тапсырманы орындай отырып, оқушы оның мазмұнын талдағанда, осы түрдің міндеттеріне тән маңызды белгілерді табады, оны осы түрге жатқызады және оны шешудің дұрыс әдісін табады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты оқу процесін визуализациялау қажет. Ақпараттық және коммуникативтік технологияларды пайдалану жылдамдықты, маневрлікті, жеделдікті, фрагменттерді және басқа да мультимедиялық мүмкіндіктерді көру және тыңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде жұмысқа орналасу кезінде педагог жүзеге асыратын табысты білім беру процесінің дәрежесін тікелей көрсететін қасиеттерге ие болу қажет. Ең алдымен, мұғалім сыныпта психологиялық климат құруы керек. Оның болуы балалардың сапалы оқуына тікелей әсер етеді. Бастауыш сыныптардағы математика мұғалімі психологтың дағдыларына ие болуы керек, өйткені дәл осы кезеңде оқыту әртүрлі оқу пәндері бойынша білімді байытуды ғана емес, сонымен қатар баланы психологиялық және жеке тұрғыдан тәрбиелеуді де білдіреді. Әр пәнде білім мен дағдыларды игеру көзделеді. Бастауыш сынып математикасында олар келесідей:

- көп таңбалы сандар мен бөлшектермен төрт негізгі арифметикалық әрекетті (қосу, азайту, көбейту және бөлу) жүргізу мүмкіндігі;
- оқушыларда қарапайым және күрделі міндеттерді шешу қабілетін дамытады;
- оқушылардың санасында негізгі шамалар (кесіндінің ұзындығы, құны, заттардың массасы, әртүрлі геометриялық фигуралардың ауданы, денелердің сыйымдылығы мен көлемі, уақыты) туралы нақты идеяларды қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін мұғалімдер келесі әдістерді қолданады. Әңгіме әдісі, оны білімді ұсыну әдісі деп те атайды. Әңгімелесу әдісі, әңгіме әдісімен қатар қолданылады. Әңгімелесу барысында мұғалім өз оқушыларының алдында оқушылар өздерінің білімдерін көрсетуі керек міндеттерді айтады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, мынаны атап өткім келеді: бастауыш сыныптағы математика оқушыларды одан әрі математикалық білім алуға жақсы дайындауы керек, бұл оқушыларға жоғары сыныптар мен университеттік бағдарламаларда математикалық пәндерді сәтті оқуға мүмкіндік беретін белгілі бір математикалық білім мен дағдыларды береді. Математика баланың ойлауын қалыптастырады, логиканы, талдау қабілетін, қорытынды жасау қабілетін, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытады. Кез-келген заманауи жалпы білім беру жүйесінде математика орталық орындардың бірін алады, бұл білімнің осы саласының бірегейлігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Саидова Н.Р. Проблемы преподавания математики в начальных классах и некоторые способы их решения. / Н.Р. Саидова. // Молодой ученый. – 2018. № 16 (202). 315-317 с.;
2. Мухамедьянов С.А. Методика преподавания математики в начальной школе [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.А. Мухамедьянов. — Электрон. дан. — Уфа : БГПУ имени М. Акмуллы, 2014. — 338 с.;
3. Далингер В. А. Методика обучения математике в начальной школе: учеб. пособие для СПО / В. А. Далингер, Л. П. Борисова. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2019. — 187 с.

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Андрей Сумин атындағы орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Даирабаева Нургиза Абдрахмановна**



ГРАФИКТІК МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Бүгінгі білім беру талабы бойынша қазақ тілі пәнінен оқушы мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік түрінде берілген процесті сипаттап жаза алуы тиіс. Оқушы білім алу барысында ақпаратты тұтас, тұтас емес, аралас мәтіндерден алады [1].

Тұтас мәтіндер өзара сабақтасқан азат жолдар мен сөйлемдерден тұрады, олар тарау, кіріспе және қорытындыдан тұрады. Тұтас мәтінге көркем әдебиет мәтіндері, репортаж, өлең, пьеса, мақала, есеп, жұлдыз жорамал, техникалық мәтін, заң, ғылыми негіздемелер жатады. Бұл мәтіндерді оқушылар күнделікті көп оқиды. Бұндай мәтіндерге әңгіме, өлең, повесть, мысал, хат, газет-журнал мақалалары, оқулыққа енгізілген мақала, нұсқаулық, жарнама, фильмнің қысқаша мазмұны, блог жазбасы, әртүрлі сайт материалдары жатады.

Тұтас емес мәтін (графиктік мәтін). Ақпараттардың сөйлеммен емес, сызба, кесте, графикпен берілуін тұтас емес мәтін дейміз. Тұтас емес мәтіндегі ақпараттар сандық көрсеткіштерге негізделгендіктен оқылым барысында өзгеше ойлауды талап етеді. Бұндай мәтіндерге графика, кесте, диаграмма, жарнама, хабарландыру, географиялық карталар, көлік қозғалысының кестесі, сауалнама, құттықтау, комментарий мәтіндер жатады.

Аралас мәтіндер тұтас және тұтас емес мәтіндердің ерекшеліктерін біріктіреді. Аралас мәтін сөз және сандық, сурет элементтер арқылы ерекшеленеді. Аралас мәтінде бір азат жол сөйлеммен берілген ақпарат болса, негізгі бөлімде график, сызба, кесте берілуі кездеседі. Қорытынды бөлім тізбектелген сөйлемдерден тұрады

Графиктік мәтін – ақпаратты графикалық элементтермен үйлестіріп беретін мәтін түрі. Ол оқырманға ақпаратты визуалды түрде қабылдауға көмектеседі. Графиктік мәтіннің негізгі элементтері:


- Кестелер – мәліметтерді құрылымдап, салыстыруға ыңғайлы етіп ұсынады.
- Диаграммалар – пайыздық көрсеткіштер мен динамиканы айқын көрсетеді.
- Суреттер мен иллюстрациялар – мәтін мазмұнын толықтырады.
- Карталар – географиялық немесе басқа кеңістікке байланысты ақпаратты береді.
- Символдар мен белгішелер – ақпаратты ықшам әрі түсінікті етіп жеткізеді.
- Графиктік мәтін көбінесе оқулықтарда, ғылыми жұмыстарда, инфографикада,

презентацияларда және жарнамалық материалдарда қолданылады. Ол ақпаратты қабылдау процесін жеңілдетіп, визуалды есте сақтау қабілетін арттырады [2].

Графиктік мәтін ақпаратты көрнекі және түсінікті ету; қырманның мәліметті тез қабылдауына көмектесу; қысқа әрі нақты түрде ақпарат беру; құрғақ мәтіннен гөрі, нақты сандар, фактілерді визуалды көрсету мақсатында беріледі. Қазақ тілі пәнінен оқушыларға графиктік мәтіндермен жұмыс түрлерін талдап көрейік.

Тапсырма «Диаграмманы талдау»

Төмендегі диаграммада Қазақстандағы кітап оқу деңгейі көрсетілген. Диаграммадағы мәліметтерді талдап, шағын қорытынды мәтін жазыңыз.



Тапсырма алгоритмі:

- Диаграммадағы мәліметтерді түсінеді;
- Әр топтың қандай үлес алатынын анықтайды.
- Кітап оқу деңгейінің жағымды немесе жағымсыз тұстарын сипаттайды.
- қорытындылайды, ұсыныс жасайды.

Үлгі жауап: Диаграммаға сүйенсек, Қазақстанда халықтың 45%-ы аптасына кемінде 1 кітап оқиды. Бұл – кітап оқуға деген жоғары қызығушылықтың белгісі. Алайда 10%-ы кітап оқымайды, бұл – алаңдатарлық жайт. Болашақта жастарды кітап оқуға ынталандыру үшін мектептер мен кітапханалар арнайы бағдарламалар жасауы қажет.

Графиктік мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың ақпаратты тез әрі оңай қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, ұзақ мәтіндерге қарағанда қысқа әрі түсінікті болады. Ұсынылған мәліметтерді тиімді салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді. Графиктік мәтін – ақпаратты визуалды түрде ұсынатын тиімді құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 бет.
3. Е.Оспан. Академиялық жазылым негіздері. Алматы: Білік, 2020.-340 бет
4. Қ.Е.Бешімбаева Жазылым: эссе және оның жазылу жолдары элективті курсы. Астана, 2022. – 82 бет

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
«Опытное поле орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Шакенова Динара Канабековна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС
ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – жан-жақты білімді, қабілетті және функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. Педагогтердің басты міндеті – оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқу сауаттылығын жетілдіру. Осы орайда, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан ұсынылған «Оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін пайдалана отырып тілдік пәндерден білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» [1], «5-9-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту» [2], «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен мәтін талдау арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру» бойынша әдістемелік ұсынымдар тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Білім алу барысында оқушылардың алған білімі, дағдылары мен икемділіктері негізінде құзыреттілігі қалыптасуы қажет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытатын, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыратын ортаны құруды көздейді. Мұның барлығы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Педагогикалық шеберлік – оқу бағдарламасына сәйкес мазмұнды іріктеп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білу қабілеті. Сабақтың сапалы өтуінің маңызды шарттарының бірі – оқу сауаттылығын дамыту мақсатында мәтіндік оқу материалдарын дұрыс тандап, тиімді пайдалану. Оқушының оқу сауаттылығын дамыту үшін тілдік пәндерде қолдануға болатын мәтіндерді іріктеп, сол мәтіндерге арналған тапсырмаларды сапалы құрастыру қажет. Тіл сабақтарында жүргізілетін мәтін талдау оқушылардың сөздік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге әрі шығармашылық ойлауға баулиды. Оқу сауаттылығын дамыту оқушылардың жазбаша және ауызша сауаттылығын арттыруға, ойларын еркін жеткізуге, сөздерді мағынасына сай қолдануға, көркем әрі шешен сөйлеуге үйретуге бағытталған.

Оқу сауаттылығы оқылым мәтіндері негізінде жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс жасауда қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда оқушылармен жұмыс жасауда бірнеше қиындықтарға тап боламыз. Алайда, мәтінмен жұмыс жасаудың үш кезеңін тиімді ұйымдастыру арқылы мәселені шешуге болады. Мәтінмен жұмыс жасау мынадай кезеңдерге бөлінеді [3]:

– Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс. Мәтін алды кезеңі – оқушыларды мәтінмен жұмыс істеуге дайындайтын маңызды кезең. Бұл кезеңде оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды алдағы ақпаратты қабылдауға бейімдеу жүзеге асырылады.

Мәтін алды тапсырмалардың мақсаты:

- Оқушылардың бұрынғы білімін еске түсіру;
- Жаңа мәтінге қызығушылық қалыптастыру;
- Мәтіндегі негізгі ойды алдын ала болжауға мүмкіндік беру;
- Оқу барысында қолданылатын стратегияларға бағыт беру.

Мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алуға, түсініп айыра білуге жаттықтыру жұмыстары әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс кезеңінде оқыған мәтіннің мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасау, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі, жанама ойды табу, қорытынды жасау сияқты жұмыстар ұйымдастырылады.

Мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең – оқушылардың оқылған ақпаратты талдап, түсініп, өз ойларын білдіретін маңызды саты. Бұл кезеңде оқушылар мәтін мазмұнын терең зерттеп, оны өз тәжірибесімен байланыстырады, қорытынды жасайды және шығармашылық тапсырмалар орындайды. Мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезеңнің мақсаты:

- Мәтінді толық түсінгенін тексеру;
- Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстыру.

Мәтінді оқып, танысқаннан кейінгі орындалатын жұмыстар: логикалық сұрақтар құрастыру, сөздік жұмыстарын жүргізу, сөйлем құрау, мәтінге мәтін мазмұны негізін сақтай отырып, жоспар құру, аударма жасау, мәтінге мазмұнына сай ат қою, диалог, жағдаят құру, мәтіннің мазмұнын құрылған жоспар бойынша айтып беру.

Мәтінмен жұмыс кезеңдерінің тиімді ұйымдастырылуы қолданылатын әдістерге де байланысты. Әдіс-тәсілдер мәтін кезеңдерін сай қолданылу қажет. Мәтін алды тапсырмаларында қолданылатын әдістер:

Атауы	Сипаттамасы
«Миға шабуыл» әдісі Оқушылардың тақырып бойынша бастапқы білімін анықтау және қызығушылығын арттыру.	Мұғалім белгілі бір тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды немесе суреттер, сөз тіркестері көрсетіледі. Оқушылар сол бойынша өз ойларын айтып, болжам жасайды.
«Түртіп алу» әдісі Оқушылардың мәтінге деген қызығушылығын ояту және оның мазмұнын алдын ала болжау.	Мұғалім мәтіннен бірнеше тірек сөздерді немесе сөйлемдерді ұсынады, ал оқушылар сол сөздерге сүйене отырып, мәтіннің мазмұнын болжауға тырысады.
«Болжау стратегиясы» әдісі Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту және мәтін мазмұнына деген қызығушылығын арттыру.	Мұғалім мәтіннің тақырыбын немесе алғашқы сөйлемдерін оқып береді. Оқушылар сол ақпаратқа сүйене отырып, мәтіннің әрі қарай қалай өрбитінін болжайды.
«Кластер» әдісі Оқушылардың тақырыпқа байланысты ойларын жүйелеу және алдын ала білімдерін белсендіру.	Тақтаға немесе қағазға негізгі сөз жазылып, оқушылар сол сөзбен байланысты ұғымдарды жазады немесе сурет салады. Осылайша, олар мәтін мазмұнына дайындалады.
«Сұрақ қою» әдісі Оқушыларды мәтінді зерделеп оқуға ынталандыру.	Мұғалім мәтін мазмұны бойынша "Неге?", "Қалай?", "Не үшін?" сияқты сұрақтар қояды. Оқушылар болжам жасап, өз ойларын білдіреді.

Кесте-1. Мәтін алды тапсырмаларында қолданылатын әдістер

Мәтін алды әдістері оқушылардың жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, олардың алдын ала болжам жасау қабілетін дамытады. Бұл әдістер оқушылардың бұрынғы білімін еске түсіруге көмектесіп, жаңа ақпаратты тезірек қабылдауына ықпал етеді. Сондай-ақ, мәтін алды тапсырмалар оқушыларды белсенді ойлауға ынталандырып, олардың мәтінді түсіну деңгейін жақсартады.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде қолданылатын әдістер:

Атауы	Сипаттамасы
«Мәтінді болжау» әдісі Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, мәтіннің мазмұнын алдын ала болжауға үйрету.	Мұғалім оқушыларға мәтіннің атауын, суретін немесе бастапқы бөлігін көрсетеді. Оқушылар осы ақпаратқа сүйене отырып, мәтіннің мазмұнын болжайды.
«INSERT» әдісі Оқушылардың мәтінді белсенді түрде оқып, түсіну деңгейін арттыру.	Оқушылар мәтінді оқи отырып, «✓» – білетін ақпарат, «—» – жаңа ақпарат, «+» – мен үшін қызықты, «?» – түсініксіз жерлері белгісін қояды.
Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу «Жигсо» әдісі дағдыларын қалыптастыру, мәтінді терең талдау	Мәтін бірнеше бөлікке бөлінеді. Әр оқушы өз бөлігін оқып, оның негізгі мазмұнын топқа түсіндіреді. Барлық оқушылардың көмегімен мәтін толық түсініледі.
«Қос жазба күнделігі» әдісі Оқушылардың мәтінге деген жеке көзқарасын қалыптастыру, негізгі ойды түсіндіру.	Оқушылар дәптер бетінің екі жағына мәтіннен үзінді және өз пікірін жазады. Бір бағанда – мәтіннен алынған сөйлем, екінші бағанда – сол сөйлемге қатысты ойы жазылады.

Кесте-2. Мәтінмен жұмыс кезеңінде қолданылатын әдістер

Мәтінмен жұмыс кезеңіндегі әдістер оқушылардың мәтінді терең түсінуіне көмектесіп, негізгі идеяларды анықтауға бағыттайды. Бұл әдістер оқу дағдыларын дамытып, оқушылардың ақпаратты талдау, салыстыру және өз көзқарасын білдіру қабілетін арттырады. Сонымен қатар, оқушылар мәтінмен белсенді әрекеттесіп, оны өмірлік тәжірибемен байланыстыру арқылы білімдерін бекітеді.

Мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңде қолданылатын шығармашылық бағыттағы әдістер:

Атауы	Сипаттамасы
Мәтіннен кейін қолдануға болатын креативті әдістер «TikTok түйін» әдісі Мәтіннің негізгі идеясын қысқа әрі қызықты форматта жеткізу.	Оқушылар мәтіннің мазмұнын 15-30 секундтық TikTok стиліндегі қысқа видео сценарий ретінде жазады. Кейіпкерлердің диалогтарын, эмоцияларын, тіпті фондық дыбыстарды ойластырады. Өзара топта ойларын бөліседі немесе шағын видео түсіріп көрсетеді.
«Эмодзи түйін» әдісі Оқушылардың мәтінді визуалды ойлау арқылы түсінуін арттыру.	Оқушылар мәтіннің мазмұнын эмодзилер арқылы сипаттайды. Басқалары осы эмодзилер негізінде қандай мәтін екенін табуға тырысады.
«Instagram пост» әдісі Мәтіндегі ойды заманауи форматта жеткізу.	Оқушылар мәтін бойынша Instagram постын жазады. Ол кейіпкер атынан пікір, пост, хэштегтермен безендіріледі.
«Аудиохат» әдісі Оқушылардың шығармашылық және сөйлеу дағдыларын дамыту.	Оқушылар мәтін кейіпкерінің атынан аудиохабарлама жазады. Ол хат басқа кейіпкерге немесе оқырманға арналады.
«Мультфильм сценарийі» әдісі Мәтінді визуализациялау арқылы шығармашылық ойлауды дамыту.	Оқушылар мәтін желісі бойынша қысқаша мультфильм сценарийін құрастырады. Әрбір сахнада не болатынын, диалогтарды және кейіпкерлер әрекеттерін сипаттайды. Қажет болса, қарапайым суреттермен немесе комикс түрінде сызба жасайды.

Кесте-3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңде қолданылатын әдістер

Мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңдегі әдістер оқушылардың алған білімін бекітіп, негізгі ойды қорытуға көмектеседі. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, мәтін бойынша өз пікірін еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар мәтін мазмұнын терең түсініп, оны өмірлік жағдайлармен байланыстыру дағдысын қалыптастырады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын, оқылым дағдысын дамытуда мәтінмен жұмыстың үш кезеңін жүйелі жүргізу қажет. Мәтінмен жұмыстың үш кезеңі арқылы оқушыларды жан-жақты дамытуға болады. Атап айтсақ:

- оқылым дағдысы жүйелі дамиды – оқушылар мәтінді түсініп оқу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын жетілдіреді;
- сыни ойлау қалыптасады – мәтіннің негізгі идеясын анықтау, ақпаратты талдау, сұрақтарға жауап беру қабілеті дамиды;
- қызығушылық артады – әр кезеңде оқушылар белсенді жұмыс істейді, бұл олардың оқуға деген ынтасын күшейтеді;
- түсіну деңгейі көтеріледі – мәтін алды болжам жасау, мәтінмен жұмыс кезінде мағынаны ашу және мәтіннен кейін ой қорыту оқушыларға ақпаратты терең меңгеруге көмектеседі;
- шығармашылық ойлау дамиды – мәтіннен кейінгі кезеңде оқушылар өз ойларын әртүрлі тәсілдермен жеткізе алады.

Мәтінмен жұмыстың үш кезеңін қолдану оқушылардың оқылым дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы олар тек мәтінді оқу ғана емес, оны талдап, өз ойларын білдіруді үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін пайдалана отырып тілдік пәндерден білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023 ж. – 80 б.
2. 5-9-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 160 б.
3. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Астана, 2014. - 54 б.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы
“Балауса” бөбекжайы
Педагог-логопед
Есқали Гаухар-ай



Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту

Артикуляциялық жаттығулар – дұрыс сөйлеу үшін қажет артикуляция органдырын (еріндер, тіл, асты жақ) жаттықтыруға арналған жаттығулар. Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға керекті сөйлеу мүшелерінің қимыл – қозғалыстарын жетілдіру. Әр жаттығудың өзіндік аты бар және сол аттарын балалар есіне сақтап білуі қажет. Атаулар балаларды жаттығу жасауға қызықтырады, сонымен қатар жұмыс барысында уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Артикуляциялық гимнастика – бұл артикуляциялық аппараттың бұлшықеттерін күшейтуге, сөйлеуге қатысатын органдардың күшін, қозғалғыштығын, қимыл-қозғалысын үйлестіруге арналған жаттығулар жиынтығы.

Артикуляциялық жаттығуларды қолдану баланың дыбыстау (сөйлеу) мүшелерінің қызметі арқылы дыбыс шығару дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшесінің жұмысын бақылай алуы үшін міндетті түрде айнаны қолданады.

Артикуляциялық жаттығулардың басым бөлігі тіл бұлшықетін созуға есептелген, өйткені баланың дикциясының анықтығы тіл ұзындығымен байланысты.

Аталған жаттығулар сөздің дыбыстық құрамын анықтауға және анық айтуға көмектеседі, ұйқас пен ырғақ сезімін дамытады, анық дикцияны қалыптастырады, сөздің, сөйлемнің түрлі интонациялық сипаттамасын беру ептілігін жетілдіреді.

Артикуляциялық жаттығулар барлық дыбыстарды дұрыс айтатын, бірақ сөйлеу кезінде тілі күрмеленетін балаларға да пайдалы. Артикуляциялық жаттығулар балаларға да, ересектерге де дұрыс, әдемі және айқын сөйлеуге көмектеседі. Сонымен қатар дыбыстарды дұрыс айту жазуға үйрету кезеңінің негізін құрайды.

Артикуляциялық жаттығуларды жасау кейбір балаларға өздігінен, мамандардың көмегінсіз дыбыстарды дұрыс айтуға көмектеседі. Тілі шорқақ балалар үйде жаттығуларды жасаса, мамандармен жұмыс істегенде тезірек жетістіктерге жетеді, себебі олардың тіл бұлшық еттері дайын болады.

Артикуляциялық жаттығулардың түрлері: — Статистикалық жаттығулар баланың артикуляциялық позицияны 5-10 секунд ұстауға үйренуіне бағытталған (Қалақша, Тостағанша, Ине, Сырғанақ, Саңырауқұлақ). — Динамикалық жаттығулар (қимылдарды 6-8 рет ырғақты қайталау) тіл мен еріннің қозғалғыштығын, олардың үйлесімділігі мен ауысымдылығын дамытады.



Шымкент қаласы
«№5 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-нің психолог мұғалімі
Шыныбекова Аяғоз Пернебекқызы



«АВА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ»

Сабақтың түрі: Жеке

Білім саласы: Қатынас

Сабақтың мақсаты: Ава элементтерін сабақта қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін жетілдіріп, дамыту.

Маман: Шыныбекова Аяғоз Пернебекқызы

Қызмет кезеңдері	Мұғалімнің қызметі	Балалардың қызметі
I. Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу Сәлеметсіздерме құрметті ұстаздар!Бүгінгі ашық сабағымызға қош келіпсіздер. Мұғалім: Сәлеметсің бе! Айсұлу Оқушы: Сәлеметсіз бе! Аяғоз апай Мұғалім:Жағдайың жақсы ма? Оқушы: Жақсы Мұғалім: Бүгінгі сабаққа дайынсың ба? Оқушы: ия. Мұғалім: Олай болса бүгінгі сабағымызды бастайық. «Ава әдісі» Жылдың қазір қай мезгілі? Бүгінгі ауа-райы қандай? Аптаның бүгін қай күні? Қазір жылдың қай мезгілі? ↓ Бүгін аптаның қай күні? ↓ Бүгінгі ауа-райы қандай? ↓ Атың кім? Жасың нешеде? ↓ ? Бала сұрақтарға пекс карточкасы арқылы жауап береді. Тыныс алу жаттығуы:	-Сәлеметсіз бе, апай? Бала жауап береді. 1 минут 2 минут 1 минут

II. Жаңа сабақ

Нейрожаттығу.

Үй тапсырмасына шолу:

Жемістер: Алма, банан, жүзім, шие, мандарин, апельсин, сары өрік, шабдалы, киви, қара өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, анар.



«Ава» элементі, Пекс карточкасы

1.«Жемістерді тауып бер ойыны» Мақсаты: Баланың жемістер туралы түсінігін қалыптастыру.Шарты: Педагогтің атаған жемістерін бала педагогке тауып алып беруі қажет.

Баланы сөзбен ынталандыру. (Жарайсың)

«Ава» әдісі

2.«Жемістерді есте сақта»



Баланы сөзбен ынталандыру. (Керемет)

3. «Серпілген сауал» әдісі

Шарты: Балаға берілген тапсырманы көрсете отырып сұрақ қою, баланың түсінігін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

III. Негізгі бөлім:



Баланы смайлікпен ынталандыру. (Жарайсың)

2 минут




2 минут

Түсіндім.

3 минут

5 минут


4. «Бұл әдісі» Шарты: Балаға берілген тапсырманы беру және бірінші балаға түсіндіру. Бұл-ірімшік, бұл-кірпі негізгі мақсаты баланың сөйлеу тілін дамыту.



5 минут

Баланы смайлікпен ынталандыру. (Жарайсың)


5. «Фразалық конструктор» ойыны. Шарты: Балаға берілген тапсырманы қолдану арқылы 2 сөздің басын құрап сөйлеуге үйрету.




3 минут

5. «Фразалық конструктор ойыны» Шарты: «Ава элементін қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту»

1.



IV Сергіту сәті




6 минут

Баланы смайлікпен ынталандыру. (Жарайсың)

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың құлпынайы көп екен, теріп-теріп аламыз, қалтамызға саламыз. Сергіту сәтін орындадық.


6. «Суреттер сөйлейді» әдісі Шарты: Балаға берілген суретке қарап сөйлем құрау қажет.



1 минут

2 минут

V. Қорытынды



Баланы тәттімен ынталандыру. (Керемет)

Қорытынды:

Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?

Олай болса бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе
«Аяқталмаған сөйлемдер» ойынын өткіземін.



Апай



маған



су




Апай




ойыншықпен

Кері байланыс: Бағдаршам.



Үйге тапсырма беру.



Ата-аналарға кеңес беру. Кеңес дәптерін толтыру, қол қойғызу.


1 минут

1 минут

VI. Ата-аналарға кеңес

Сабақты ұғындым, түсіндім, білдім.

Шымкент қаласы
Н.Д. Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Салимбаева Гульжан Айтбековна



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНЕН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің негізгі даму бағыттарын зерттей отырып, оны тиімді жетілдірудің көптеген жолдарын көруге болады. Бұл тұрғыда ғалымдардың да, әдіскерлердің де бүгінгі таңда атқарған істері аз емес екенін айта кеткен жөн.

Жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуде және өскелең ұрпаққа білім беруде ғана емес, адамзат әкелген барлық жаңалықты қабылдауға қажетті жаңа технологияларды меңгеру дағдыларын қалыптастыруда педагогикалық қауымның рөлі орасан зор.

Бүгінгі күннің шындығы білім беру жүйесінде де, тәрбиеде де қызметтің жаңа түрлерін көбірек іздеуді талап етеді. Дамыта оқыту және модульдік оқыту, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы, кезең-кезеңімен талдау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану және басқалары сияқты технологиялар қазірдің өзінде оқу үдерісіне енгізіліп, сәтті енгізілуде.

Тиімді технологияларды оқу үдерісіне енгізу қазіргі мектептің басты міндетіне айналады. Дегенмен, білім беру міндеттерін шешуде, ең алдымен, енгізілетін технологиялардың практикалық сипатын ескеру маңызды екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңа технологияларды пайдалану оқу үрдісінен ескі, бірнеше рет тексерілген жұмыс түрлерін толығымен алып тастау қажет дегенді білдірмейді. Көбінесе басқа қырынан қарастырылатын белгілі әдістер мен технологиялар бүгінде жаңа мазмұнға ие болуда.

7 модульден тұратын Кембридж бағдарламасының теориялық негізі оқушылардың ойлауының дамуы бұрыннан бар білімнің жаңасымен немесе сыныпта әртүрлі көздерден: мұғалімнен, құрдастарынан, оқулықтардан алынған біліммен өзара әрекеттесу жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген оқытудың конструктивистік теориясына сүйенеді.

Біздің барлық педагогикалық жұмысымыз интерактивті оқытуға негізделген. Диалогтік оқыту бірлескен оқуды қамтиды, бұл кезде оқушылар мен мұғалім оқу процесінің субъектісі болып табылады. Мұғалім көбінесе оқу процесін ұйымдастырушы, топ жетекшісі ретінде ғана әрекет етеді. Сонымен қатар интерактивті оқыту оқушылардың сыныптастарының тәжірибесімен тікелей қарым-қатынасына негізделген, жаттығулардың көпшілігі оқушының өзінің тәжірибесіне сілтеме жасайды. Диалог көптеген пәндерді оқытуда орталық орын алады. Мерсер және Литтлтон өз жұмыстарында сыныптағы диалог оқушылардың интеллектуалдық дамуына және олардың оқудағы үлгеріміне ықпал ететінін көрсетті. Зерттеуде үлкендермен интерактивті қарым-қатынастың да, құрдастарымен бірлескен жұмыстың да балалардың оқуына және олардың когнитивті дамуына ықпал ететіні атап көрсетілген.

Менің ойымша, егер біз, мұғалімдер қауымы сабағымызда қарым-қатынас стратегиясын дұрыс құра алсақ, ол адамның басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға, тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін шешуге және өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі деп ойлаймын. Мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі болғандықтан, балаларды оқуға, жазуға, грамматикалық ережелерді қолдануға үйрету ғана емес, балаларды дұрыс, сауатты әрі көркем сөйлетіп, коммуникативті дағдыларын дамыту - басты міндетім.

Орыстың белгілі психологі Виготскийдің пікірінше, білім оқушыны диалогқа, бірлескен әңгімеге тарту нәтижесінде игеріледі. Сыныпта оқушылардың өзара сөйлесуі өте тиімді, өйткені бұл оқушыларға тақырып бойынша түсінігін жеткізуге мүмкіндік береді, адамдардың әртүрлі идеялары болуы мүмкін екенін білуге, өз идеяларын дәлелдеуге көмектесіп, балалардың танымдық дамуына ықпал етеді.

Бағдарлама идеяларын өзімнің педагогикалық іс-әрекетімде жүзеге асыру үшін жұптық және топтық жұмыс түрлерін жиі қолданамын. Сабақта «оқушы-оқушы» тактикасын қолдану оқушылардың түсінігін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді, өйткені оқушылардың пікірталастарын тыңдауға, өз пікірін қолын көтерген оқушылармен ғана емес, барлық оқушылармен әңгімеге тартуға болады. Нәтижесінде балалар бір-бірімен сөйлесуге, қойылған сұрақты талқылауға, пікір алмасуға, келісетінін немесе келіспейтінін білдіруге, өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Мен өз сабақтарымда оқушылардың өзара әрекеттеспей, диалогсыз орындай алмайтын тапсырмалар түрлерін қосамын, өйткені диалог балалардың талқылау, келіссөздер жүргізу, дәлелдеу, келісу немесе келіспеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Мысалы, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысқанда сахналау, рөлдік ойын арқылы тапсырма беріледі. Тапсырманы орындай отырып, балалар өз ойларын ортаға салады, талқылайды, айтысады, шешімнің балама жолдарын табады, қолда бар құралдарды пайдаланады. Нәтижесінде әр топ балалар игерген барлық сөздік қорын сабақта қолданатын драматизация көрсетеді.

Қарым-қатынас дағдыларын дамытудың бір түрі – рөлдік ойын. Балаларға жұмыстың бұл түрі қатты ұнайды, өйткені әртүрлі тақырыптарда ойналатын жағдаяттар олардың шынайы өмірімен қандай да бір түрде байланысты, мұнда олар өз өмірлерінен мысалдар көрсете алады. Бұл тапсырманы орындау барысында оның оңтайлы шешімін табу қажет: бұл тапсырма көптеген жаңа сөздерді меңгеруді, шығармашылықты, көркемдік шеберлікті, бүкіл топтың жақсы үйлестірілген жұмысын талап етеді.

Тілдік коммуникацияның прагматикалық табиғатын ашуда диалогтың мақсатты бағытын қарастыру қажет. Қарым-қатынастың жоғарыдағылардан басқа мынадай жалпы түрлерін атауға болады: акпарат беруші диалог, прескриптивті диалог, ақиқатты анықтау немесе шешім қабылдау мақсатындағы ой алмасулар, екі тұлғаның арасындағы қарым – қатынасты реттеу, эмоционалды, интеллектуалды т.б. Диалог пен оның ерекшеліктері туралы алғашқы пікірлер А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтардың еңбектерінде айтылса, кейінірек М. Балақаев, М. Серғалиев, Б. Шалабаевтың көркем мәтін мен оның стиліне қатысты еңбектерде диалогтың бірқатар ерекшеліктері ашыла түседі.

Әңгімелесу - бір жақты қарым-қатынас процесі емес, керісінше, қарым-қатынас екі бағытта жүзеге асатын және осы негізде оқушының оқуын алға жылжытатын өзара процесс. Диалогта оқушылар да, мұғалімдер де келісілген нәтижеге қол жеткізу үшін бар күш-жігерін сала отырып, тең құқылы серіктестер болып табылады. Оқушылармен әңгімелесуде ақыл-ой әрекетін белсендіру және ойлауды дамыту үшін ауызша материалды жақсы меңгеруге көмектесетін және ауызекі сөйлеу тілін дамытатын логикалық тізбектерді құру қажет.

Диалогтық әңгіменің сәттілігі сұрақтарды дұрыс құрастыруда. Сұрақтар материалды меңгеру деңгейін көрсетіп қана қоймай, әр оқушының жеке ойлауын дамытуы керек. Мен сабақтарымда Блум таксономиясын қолдана отырып, сабақтың негізгі тақырыбын ашып, түсіндіріп қана қоймай, әр оқушының ой-өрісін дамытатын сұрақтар құрастырамын.

